Түйін: Орта ғасырлардағы сауда мемлекет қазынасын құрайтын маңызды элементтердің бірі болды. Ол кезеңде сауда және экономикалық қатынастардың дамуының маңызды шарттарының бірі көлік жолдарының қолжетімді көлік құралдарымен және сауда нарықтарымен қамтамасыз етілуі еді. Қомақты табыстан қазынасын айырғысы келмеген билеушілер сауда-саттықтың лайықты жағдайда жүргізілуі үшін барлық сақтық шараларын жасады. Жібек жолы Қытайдан Жерорта теңізіне дейін созылып жатқан керуен жолдарының жүйесі болып, ғасырлар бойы «еуразияшылдық» концепциясын жасауға және Азия мен Еуропаның экономикасын біріктіруге ықпалын тигізді. Шығыс Еуропаға моңғолдар келгеннен кейін бұл аймақтағы сауда-экономикалық қатынастар біраз уақытқа үзілсе де, сайып келгенде, моңғолдар аймақтағы түркі тайпаларын орталықтандырылған және қуатты мемлекеттік басқаруға біріктіріп, сауданың дамуына жаңа серпін берді. XIII ғасырдың II-жартысынан бастап Батыс Еуропа мен Шығыс Азияны байланыстыратын негізгі сауда жолдары, ең алдымен, Жібек жолының керуен жолдары солтүстікке қарай жылжып, Шығыс Еуропа аумағынан өте бастады. Сауда жолдарының Таяу Шығыстан солтүстікке өтуіндегі ең маңызды фактор XII-XIII ғасырлардағы крест жорықтары және одан кейінгі илхандардың мамлүктермен күресі екені сөзсіз.

Кілт сөздер: Ұлы Жібек жолы, орта ғасыр, сауда, Шығыс Еуропа, Азия

MPHTI: 30.06

<https://orcid.org/0000-0001-5856-8561>

Рахымбаева А.Б.

докторант кафедрасы «История», Университет Хаджеттепе. Анкара, Турция

**ВЕЛИКИЙ ШЕЛКОВЫЙ ПУТЬ –
КАК ГЛАВНЫЙ ТОРГОВЫЙ ПУТЬ СОЕДИНЯВШИЙ ЕВРОПУ И АЗИЮ**

*Автор-корреспондент: zhan_0509@mail.ru

Аннотация: Торговые сделки были характерны для средневекового общества во все века его существования. В данный период, одним из наиболее значимых условий роста торгово-экономических связей являлась безопасность транспортных маршрутов с доступными средствами транспортировки и торговыми рынками. Правители, которые не хотели лишать свою казну столь значимых доходов, шли на всевозможные меры предосторожности, чтобы дать возможность осуществления торговой деятельности в надлежащих условиях. «Шелковый путь» представляла собой систему, образованную караванными маршрутами, простирающимися от Китая до Средиземного моря, способствующую созданию концепции «евразийства» и объединению экономики Азии и Европы на протяжении веков. Несмотря на тот факт, что прибытие монголов в Восточную Европу в XIII веке имела негативные экономические и социальные последствия, монголы смогли объединить тюркские племена в регионе в централизованную и мощную государственную администрацию в связи с чем торговля получила новый импульс для развития. Начиная со второй половины XIII столетия основные торговые путисоединявшие Западную Европу и Восточную Азию, в первую очередь караванные дороги Шелкового пути, переместились

на север и начали пересекать территорию Восточной Европы. Важнейшим фактором перехода торговых путей с Ближнего Востока на север, несомненно, являются крестовые походы XII-XIII веков и последующая борьба Ильханов с Мамлюками.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, средневековье, торговля, Восточная Европа, Азия.

IRSTI: 30.06

<https://orcid.org/0000-0001-5856-8561>

Rakhymbayeva A.B.*

doctoral student of the Department of History, Hacettepe University. Ankara, Turkey

THE GREAT SILK ROAD –

AS THE MAIN TRADE ROAD CONNECTING EUROPE AND ASIA

***Corresponding author:** zhan_0509@mail.ru

Abstract: Trade in the Middle Ages was one of the most important elements that made up the state treasury. During this period, one of the most significant conditions for the growth of trade and economic relations was the security of transport routes with accessible means of transportation and trade markets. The rulers, who did not want to deprive their treasury of such significant income, took all possible precautions to enable trading activities to be carried out in proper conditions. The Silk Road was a system of caravan routes stretching from China to the Mediterranean, helping to create the concept of "Eurasianism" and unify the economies of Asia and Europe over the centuries. Upon the arrival of the Mongols in Eastern Europe, commercial and economic relations in the region were disrupted for some time. Ultimately, the Mongols united the Turkic tribes in the region into a centralized and powerful state administration, and therefore trade received a new impetus for development. Beginning in the second half of the 13th century, the main trade routes connecting Western Europe and East Asia, primarily the caravan roads of the Silk Road, moved north and began to cross the territory of Eastern Europe. The most important factor in the transition of trade routes from the Middle East to the north is undoubtedly the crusades of the 12th-13th centuries and the subsequent struggle of the Ilkhans with the Mamluks.

Keywords: The Great Silk Road, the Middle Ages, trade, Eastern Europe, Asia.

Кіріспе

Экономикалық тарих кез келген саяси органның тарихының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Соңғы кездері ғалымдар мен жалпы жұртшылықтың бұл мәселеге деген қызығушылығының айтарлықтай артуы байқалады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, әртүрлі елдер арасындағы тұрақты сауда қатынастарының қалыптасуы мен дамуын зерттеуге бет бұру - бұл елдердің экономикаларының өзара әрекеттесуінің және тіпті өзара бейімделуінің нақты бейнесін жаңадан құрудың қажетті шарты болып табылады. Бұл тарихтың әртүрлі кезеңдерінде адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылатын қаражат пен объектілердің жиынтығын анықтау үшін де маңызды.

Тарихи тұрғыдан орта ғасырлардың басты магистралі болған Ұлы Жібек жолы қазіргі уақытта заманауи зерттеу нысанына айналууда. Ұлы Жібек жолының дүниежүзілік тарихтағы маңыздылығы соншалықты, соңғы уақытта оны елдер мен халықтардың игілігі үшін пайдалану мақсатында оны заманауи жағдайда қайта құру туралы ұсыныстар жиі айтылууда. Оның мәдениет тарихындағы ең маңызды рөлін бағалау бұл феноменнің кейбір нысандарын ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізу туралы шешім қабылдауға мүмкіндік берді. Жоғарыда айтылғандар Ұлы Жібек жолын зерттеу тұжырымдамасы ретінде зерттеу аясындағы жұмысымыздың өзектілігін айқындайды. Тақырыптың өзектілігі және Жібек жолына деген қызығушылықтың артуы оның қайта жанданып, қоғам дамуы үшін пайдалану мүмкіндігіне байланысты.

Бүгінгі таңда Қазақстан ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің кең ауқымында Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеу, оның негізгі бағыттарын және сауда жолдарының түрлерін, сауда ауқымы мен кезеңдерін талдау міндеттері тұр. Өйткені онсыз

жаңа мыңжылдықта оның мәдени, рухани және экономикалық әлеуетін жаңғыртуға байланысты өзекті мәселелерді шешу мүмкін емес. Сонымен қатар, Орталық Азияның Қытай, Шығыс Азия мемлекеттері, Ресей және Еуропа арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі маңызының ұдайы артуы Ұлы Жібек жолы мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастар тарихын жаңаша түсінуді талап етеді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Жібек жолы бағыттарын зерттеуге байланысты бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылды, ғылыми семинарлар мен конференциялар өткізілді. Ұлы Жібек Жолы мәселесі бойынша докторлық диссертациялар, көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялар, энциклопедиялар жазылып, қорғалды. Мұндай тақырыпты зерттеудің екі жағы бар: бір жағынан, әдебиеттердің көптігі тақырыпты толық қамту үшін кең дереккөз базасы мен материалдарға ие болуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, бұл кең дереккөз базасында «адаспай», мәселенің негізгі өзегін айналып өтпеу қиын. Ұлы Жібек жолының тарихын және оған арналған зерттеулерді зерделеу үшін барлық белгілі дереккөздерді жинақтау және жүйелеу, талдау жүргізу және ғылыми жетістіктерді сыни тұрғыдан түсіну үшін шетел әдебиетін барынша қамту маңызды.

Зерттеу - тарихи үрдістер мен құбылыстарды, олардың дамуын, динамикасын, әлеуметтік-саяси және этномәдени құрамдас бөліктермен байланыстыра зерттеуді көздейтін тарихшылық принциптеріне және ең алдымен, жан-жақты талдауға бағытталған объективтілікке негізделген. Мыңдаған жылдар бойы сауда жолдары діннің, тілдің, жазудың, мемлекеттіліктің, қолөнер өндірісіндегі жаңа технологиялардың таралуында маңызды рөл атқарды.

Сөздің кең мағынасында сауда - ел ішінде (ішкі сауда) немесе сыртында (сыртқы сауда), өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы арнайы делдалдардың (саудагерлер) ақша арқылы немесе заттай айырбас арқылы жүзеге асырылатын тауарларды, қызметтерді және құндылықтарды айырбастау процесі. Яғни, сауда - тауарды алу-сатумен байланысты кәсіпкерлік қызметтің түрі.

Сауда - тауарлар мен материалдарды айырбастау процесі ретінде тас дәуірінен белгілі. Ежелгі дәуірде де, орта ғасырларда да, жаңа және қазіргі заманда да сауданың мәні - пайда көру мақсатында тауар-материалдық, сонымен қатар материалдық емес құндылықтарды сатуға ұсыныс жасау болып табылады. Сауда еңбек бөлінісінің пайда болуымен, артық өнімді айырбастау қажеттілігімен пайда болды. Айырбас бастапқыда табиғи сипатқа ие болды; ақшаның пайда болуымен тауар-ақша қатынастарын орнатудың алғы шарттары пайда болды.

Теориялық талдау

Орта ғасырларда Азия мен Еуропа арасындағы сауда ауқымы әр түрлі болғандықтан, азиялық тауарлар еуропалық тауарларға қарағанда нарықта әлдеқайда көп орын алды [1,8]. Сауда жолдарының негізгі бағыты Шығыстан Батысқа қарай болғанын анық айтуға болады.

Орта ғасырларда сауда жолдарының үш түрі болған: құрлық (керуен), өзен және теңіз арқылы. Азияны Еуропамен байланыстыратын негізгі сауда жолы Ұлы Жібек жолы - ежелгі дәуірінде және орта ғасырларда Жерорта теңізінен Қытайға Еуразияны кесіп өтетін керуен жолдары жүйесі болып қала берді. Бұл бағыттың жекелеген учаскелерінің жұмыс істей бастауы қола дәуіріне (б.з.б. III–II мыңжылдықтар) жатады. Геродот та Азов теңізінен Орталық Азияға баратын жолды атап өтеді. Бұл жайында ол Ахеменидтер империясындағы Кіші Азиядан Иранға дейінгі ұзындығы 2000 км-ден асатын «Корольдік жол» туралы жазады. Одан әрі шығысқа қарай «Лазурит жолы» (лазурит Бадахшан тауларынан Ассирия мен Мысырға, сондай-ақ Қытайға жеткізілді) және «Нефрит жолы» (нефрит тастары Яркент өзенінің жоғарғы ағысында, оның батыс пен шығысқа жолы басталған жерде өндірілді) қызмет етті. Солтүстікке қарай Цинь дәуірінде Орталық Азия

мен Оңтүстік Сібірді Қытаймен байланыстыратын «Дала жолы» орын алды. Бұл жол Шығыс Түркістаннан Арал теңізі мен Төменгі Еділ бойы арқылы Қара теңіздегі грек отарларына дейін созылған. Трансеуразиялық байланыстардың тұрақты жүйесі Қытайдағы Хань әулетінің Батыс елдермен дипломатиялық қатынас орнатып, жібек саудасының негізін салған кезде, яғни б. з. б. II ғасырда түпкілікті қалыптасты. Б. з. б. I ғасырда жібек саудасы Александрияға еніп, Рим жібекпен танысады [2,38].

Б.з.б. 43 жылы Рим географы Помпоний Мела «О положении мира» атты еңбегінде Үндістанның солтүстігінде және Бактрия мен Соғдының шығысында орналасқан «жібек елі» халқын сипаттаған [3,13]. Сақтарды қытайлармен байланыстыратын Ұлы сауда (немесе Ұлы Жібек) жолы атауының өзі IV ғасырда Аммиан Марселлиннің «Рим тарихында» [4,298] кездеседі. Түрлі дереккөздерге, ең алдымен қытай жылнамаларына және ежелгі және ортағасырлық авторлардың деректеріне, сондай-ақ археологиялық деректерге сүйене отырып, «Ұлы Жібек жолы солтүстікте Лоб-Нор көлінен Куча мен Қарашар арқылы Тянь-Шань бойымен және Тарым өзені бойымен Қашқарға, Терсекдіван арқылы Ферғанаға, одан әрі Сырдариябойымен Оңтүстік Оралға, Төменгі Еділ мен Солтүстік Қара теңіз аймағына немесе Ферғанадан Самарқандқа, одан әрі Әмударияға бойымен және ең соңында, Иран мен Алдыңғы Азияға дейін ұзаған. Оңтүстік жол Лоб-Нордан Куенлунь тауларының солтүстік беткейлерімен Памирдегі Ташқорғанға дейін және Үндістанға Гилгит пен Кашмир арқылы Гандхараға өтетін асулар арқылы өтіп, Инда сағасында аяқталды [5,9]. Бұл жолдың ең маңызды бөлігі Орталық Азияның солтүстік аймақтары мен Еуразия далаларын қамтыды, олардың халықтары Қытайдан Еуропаға дейінгі ұлан-ғайыр аймақтың мәдени байланыстарына белсенді қатысушылар және делдалдар болды.

Ұлы Жібек жолының (Солтүстік Жібек жолы) қызмет ете бастауын кейбір авторлар шартты түрде дипломат және барлаушы Чжан Цзяннің қытайлықтар үшін Орталық Азия елдерін алғаш ашқан уақытымен, яғни б.з.б. II ғасырдың екінші жартысына жатқызады. Осылайша, бұрын белгісіз елдерге апарған екі ұлы жол бірікті: біреуі батыстан Жерорта теңізі елдерінен Орталық Азияға апаратын, Александр Македонский және Селевкидтердің қолбасшысы Демодам жорықтарында эллиндер мен македондықтардың басып өткен жолы; екіншісі, шығыстан Хань империясынан Орта Азияға келетін, Чжан Цзянның бұл аймақты солтүстіктен оңтүстікке Даван (Ферғана), Кангюй және Бактрия арқылы өткен жолы [6,196]. Археологиялық деректерге сәйкес, солтүстік Жібек жолы оңтүстік жолға балама ретінде пайда болды [7,27].

Б.з.б. II - б.з. V ғасырларда Жібек жолы шығыста Қытайдың ежелгі астанасы Чаньань қаласынан басталып, Ланьчжоу аймағындағы Хуанхэ өзенінің өткеліне дейін, одан кейін Тянь-Шаньның солтүстік сілемдері бойымен Ұлы Қытай қорғанының батыс шетіне дейін созылды. Бұл жерде жол солтүстіктен және оңтүстіктен Такламакан шөлімен шектесіп, тармақталды. Солтүстік жағы Хами, Тұрфан, Бешбалық, Шихо оазистері арқылы Іле өзен аңғарына дейін барды; оңтүстігі - Дунхуан, Хотан және Яркенд арқылы Бактрияға, Үндістанға және Жерорта теңізіне, сонымен қатар Қашқардан - Ферғанаға және одан әрі Самарқанд, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан, Сирия, Мысырға созылды.

VI-VII ғасырларда ескі жол (Ферғана арқылы) қысқарақ әрі ыңғайлы болғанына карамастан, Қытайдан батысқа Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы қатынайтын бағыт жандана бастады. Бұның себебін Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын бақылайтын Түрік қағандарының қорғандарының болғаны, сонымен қатар, VII ғасырда Ферғана арқылы өтетін жолдың жиі болатын қақтығыстардың салдарынан қауіпті болғанымен түсіндіруге болады болды. Түрік қағандары мен олардың төңірегіндегілер шетел тауарларының ірі тұтынушыларына айналғанын да айта кеткен жөн. Осылайша бірте-бірте бұл жол басты жолға айналды: елшілік және сауда керуендерінің негізгі бөлігі XV ғасырға дейін осы жерден өтті.

Жібек жолының бағыттары ғасырлар бойы оның ең алдымен бір, содан кейін басқа

бөлгелері мен тармақтары кезектесіп үлкен мәнге ие болып отырды; кейбіреулері мүлде құрып, қалалары мен сауда бекеттері күйзеліске ұшырады. Осылайша, VI-VIII ғасырларда негізгі бағыт Сирия - Иран - Орталық Азия - Оңтүстік Қазақстан - Талас аңғары - Шу аңғары - Ыстықкөл ойпаты - Шығыс Түркістан болды. Бұл жолдың бір тармағы, дәлірек айтсақ, тағы бір бағыт Византиядан Дербент арқылы Каспий бозқырлары, Маңғыстау, Арал өңірі және Оңтүстік Қазақстанға жоғарыда аталған бағытқа шықты. Бұл жол Сасанилік Иранды айналып өтіп, Иранға қарсы Батыс Түрік қағанаты мен Византия арасында сауда және дипломатиялық одақ жасалған кезде пайда болды. IX–XII ғасырларда бұл жол аз қарқындылықпен пайдаланылды, бірақ XIII–XIV ғасырларда Еуразияда Моңғол империясының пайда болуына байланысты қайтадан жанданды [8, 36-37].

Ұлы Жібек жолындағы саудада жетекші рөлді Орталық Азияның егіншілік оазистерінің тұрғындары соғдылықтар атқарды. Жол бойында олар өздерінің сауда және қолөнер орталықтарын құрды. Соғды отарлары Алтайда, Балқаш өңірінде және Байкал өңірінде белгілі. Соғдылықтар бірнеше ғасыр бойы дала әлеміндегі өркениеттердің айналасындағы мәдени жетістіктердің жетекшілері болды. I мыңжылдықтың екінші жартысында соғды тілінің хотан диалектісі іс қағаздарын жүргізу, сауда және қарым-қатынас тілі ретінде қолданылды. I мыңжылдықтың аяғында Орталық Азия оазистеріне түркі компонентінің енуі және түрік мемлекеттерінің құрылуының арқасында мұндағы этнолингвистикалық жағдай өзгере бастады: түркі диалектілері үстемдікке ие болды. Бұл кезде Ұлы Жібек жолы Араб халифатының қол астына өтіп, Ұлы Жібек жолындағы сауда араб және еврей көпестерінің монополиясына айналды. Сауданың дамуында көшпенділер де үлкен рөл атқарды: олар керуен саудасымен айналысты, керуендерге ілесіп, малды көлік пен азық ретінде қамтамасыз етті [2,156].

Географиялық картаға қарасақ, ОртаАзияның ежелгі дәуірдегі ұлы өркениеттер белдеуінде орталық орын алғанын байқау қиын емес. Ол Сары және Шығыс Қытай теңіздерінен оның шығыс шекараларына дейін (шамамен 4200-4300 км: Атлант мұхитынан Каспий теңізіне дейін 5100–5200 км) үлкен кеңістікті алып жатты.

Орта ғасырларда бір ғана сауда магистралі - Ұлы Жібек жолы болған, ал қалған барлық Еділ, Днепр, Кама, Бұлғардан Киевке дейінгі сияқты сауда жолдары - Жібек жолының тармақтары және құрамдас бөліктері болып табылады. Қысқасы, Ұлы Жібек жолы Еуразияның барлық сауда жолдарын байланыстыратын жүйе болды.

Әрине, Ұлы Жібек жолының әлемдік өркениет тарихындағы маңызын тек жібек саудасымен өлшеу дұрыс болмас еді. Оның рөлі анағұрлым кеңірек және алуан түрлі болды, өйткені керуендер ол арқылы әртүрлі шығыс пен батыс тауарларымен ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтар мен діни идеялардың тасушылары болды [6,196]. Саудагерлер, дипломаттар, жеңіл ақша мен шытырман оқиға іздеушілер, қолөнершілер мен егіншілер, сондай-ақ қажылар керуендермен Ұлы Жібек жолы арқылы Батыс пен Шығысқа сапар шекті. А.М. Петров атап өткендей, Ұлы Жібек жолы – «ежелгі дәуірде және орта ғасырларда Азияның шеткі шекарасынан батыс елдеріне халықаралық байланысы болған орасан зор, тарихи-мәдени кеңістік» [5,11]. Бұл жол Еділ жолы аумағында орналасқан халықтар, мемлекеттер, аймақтар арасындағы сауда және мәдени байланыстардың пайда болуына және дамуына үлес қосты.

Ұлы Жібек жолы арқылы тек жібек емес, басқа да көптеген тауарлар тасымалданды. Орталық Азия мен Шығыс Жерорта теңізібөлгелерінен Қытайға жүн және зығыр маталар мен кілемдер жеткізілді. Қытайлықтар болса, қытай фарфорын, аң терісі мен піл сүйегі, құлдар мен асыл тұқымды жылқыларды саудалады. Сауданың арқасында Қытайдың ең үлкен өнертабысы - қағаз басқа елдерге келді. VIII ғасырда қағаз Орта Азияда шығарылып, Батыс елдеріне жіберіле бастады [9,167]. Ұлы Жібек жолы өнер (би, музыка, бейнелеу өнері, сәулет өнері), дін (христиандық, буддизм, ислам, манихейизм), технология (жібектің өзі, сондай-ақ мылтық және қағаз т.б. өндіру) сияқты түрлі жаңалықтардың арнасы болды.

Орта ғасырларда Азия мен Еуропа арасындағы сауда ауқымы теңгерілмегендіктен, азиялық тауарлар еуропалық тауарларға қарағанда нарықта әлдеқайда көп орын алды. Сауда жолдарының негізгі бағыты Шығыстан Батысқа қарай жүргенін анық айтуға болады.

Орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолының тарихы және оның қызмет ете бастауының ескі кезеңдері бірқатар жазба деректерде сипатталған. Ең ескі деректердің бірі - Сюань Цзяньның «По Шелковому пути - к буддийским святыням» [10, 326] еңбегі. 629 жылы буддист қажы Сюань Цзянь Қытайдан (Орта Азия арқылы) Үндістанға «қасиетті жерлерді көру және теологияны шындап үйрену үшін» сапар шегеді. Ол Қытайды Батыспен байланыстыратын халықаралық керуен жолымен жүрді. Оның қалалар мен елді мекендер туралы баға жетпес мәліметтерінің арқасында өткен ғасырдың өзінде бұл саяхатшының мәліметтерін растайтын көптеген археологиялық жаңалықтар ашылды.

922 жылы Еділ Бұлғарларына келген Бағдат саяхатшысы Ахмад ибн Фадланның жол жазбалары бұлғарлардың тек қоғамдық-саяси құрылымы ғана емес, сонымен бірге барлық басқа аспектілерін де зерттеу үшін таптырмас дереккөз болып табылады. Ахмад Ибн Фадланның «Еділ Бұлғарына саяхат» еңбегінде Бағдад елшілігінің құрлық жолы туралы құнды мәліметтер, X ғасырдың басындағы араб және басқа саудагерлер игерген керуен жолдарының сипаттамасы бар [11, 346]. Елші керуені Үстірт үстіртімен Еділ даласына, оғыздар мен башқұрттардың жері арқылы Бұлғарға дейін барды. Бұдан басқа, Үргеніштен Маңғышлақ түбегіне дейін Каспий теңізі мен Еділ бойымен одан әрі ілгерілеуші құрлық жолы болды. Балтық және скандинавия тайпаларының, соның ішінде викингтердің Солтүстік Каспий маңындағы жерлермен (Маңғышлақ түбегі) байланыстары да археологиялық түрде бекітілген [12, 27-29].

В.П. Даркевичтің айтуынша, Шығыспен транзиттік сауда бірнеше кезеңнен тұрған. Керуендер бір жергілікті базардан екіншісіне шектеулі қашықтықта жүрді. Сауда операциялары әртүрлі елдердің көпестері кездесетін маршруттар торабындағы аралық орталықтарда жүргізілді. Еділ Бұлғарларының сауда тарихының кезеңдік сипаты араб деректерінде жазылған. Атап айтқанда, Ибн Хаукәл шығыс көпестерінің бұлғар базарларына тауар әкелетінін, «Бұлғар көпестері Чулыманға, ал Чулыман көпестері солтүстікте Югра жерлеріне барады» деп жазған [13, 199].

Ұлы Жібек жолының жаңа гүлдену кезеңі XIII-XIV ғасырларда басталды, ол алып Моңғол империясының құрылуымен және сауда жолдарындағы қатынастардың тұрақтануымен байланысты болды [2, 137]. XIV ғасырдың екінші жартысында Моңғол империясының мұрагерлері арасында моңғол мемлекеттерінің бөлшектенуімен Ұлы Жібек жолы қайтадан құлдырайды. XIV ғасырдың аяғында Орталық Азияда Темір империясы пайда болды. Ол барлық оңтүстік сауда жолдарын біріктіруге тырысты. Бірақ Темірдің Алтын Ордаға жорықтары кезінде Ұлы Жібек жолында орналасқан Солтүстік Қара теңіз аймағы мен Каспий маңы аймағының көптеген қалалары қирады. Солтүстіктегі жол тоқтатылып, ал Тимурдың өлімінен кейін, оңтүстік бағыттағы жол пайдаланылуын тоқтатты [9, 168].

Сауда жолдарының орасан зор қашықтығы арнайы жүк тиеу пункттерін, яғни керуен сарайларды ұйымдастыруды талап етті. Олар сонымен қатар қонақ үйлер және қоймалар рөлін де атқарды. Бұл қабырғалары шамамен 80 м болатын төртбұрышты аула болды, оның ішінде периметрі бойынша саудагерлерге арналған бөлмелер мен қоймалар орналасты. Ортасы ашық алаң болды. Бұл жерде демалысқа тоқтап қана қоймай, тауарларды сатуға немесе сатып алуға, бағалар мен соңғы жаңалықтарды білуге болатын еді.

Белгілі бір қашықтықта орналасқан көптеген керуен сарайлары, құдықтары, күзет бекеттері бар жақсы сақталған сауда жолдары - белгілі бір дәрежеде қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-саяси және экономикалық тұрғыдан даму дәрежесінің көрсеткіші. Сауда жолдары бойындағы көне қалалар өркендеп, жаңа қалалар пайда болды.

Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ең ірілері Испиджаб (Сайрам), Тараз, Төменгі Барысхан, Суяб, Алмалық, Отырар (Фараб), Түркістан (Йасы), Сауран, Сығанақ, Жанкент (Янгикент) болды.

Көптеген деректер, соның ішінде археологиялық деректер, сауда жолдары қоғамның толыққанды қызмет етуін қамтамасыз етуге, шикізатқа, барлық тауарларға және жұмыс күшіне деген қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет еткенін көрсетеді. Сайып келгенде, олар экономикалық прогреске, жеке аймақтар мен мемлекеттер үшін жаңа қолөнер технологияларының таралуына және кейбір жағдайларда қолөнер өндірісі мен саудасының синтезіне негізделген, ең алдымен халықаралық, нақты әлеуметтік-экономикалық формациялардың қалыптасуына ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Attman A. The Flow of Precious Metals Along the Trade Routes Between Europe and Asia upto 1800. Asian Trade Routes: Continental and Maritime. London, 1991, 7-20p.
2. Tashagil, Ahmet. İpek Yolu, İstanbul: Turk Kulturune Hizmet Vakfi, 2015, 528 s.
3. Петров А.М. Великий Шелковый путь: о самом простом, но мало известном, Москва: Восточная лит., РАН, 1995, 127 с.
4. Аммиан Марцеллин. Римская история. Перевод с латин. Ю.А. Кулаковского и А.И. Сони. 3-е изд., СПб.: Изд-во Алетейя, 2000, 288 с.
5. Кузьмина Е.Е. Предыстория Великого Шелкового пути. Диалог культур Европа-Азия, Отв. ред. Г.М. Бонград-Левин, Москва. Ком Книга, 2011, 240 с.
6. Ртвеладзе Э. Цивилизации, государства, культуры Центральной Азии, Ташкент, 2005, 288 с.
7. Haussig H.W. İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi, chev. M. Kayayerli, İstanbul: Otügen Neşriyat, 2001, 300 s.
8. Байпаков К. Великий Шелковый путь на территории Казахстана. Алматы, 2007, 502 б.
9. Yereli, Ahmet Burçin. Yeniden Canlanan İpek Yolunda Ekonomik Stratejiler, İpek Yolu'nda Türk Kültür Mirası Sempozyumu Bildiriler, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, 2014, s. 161-168.
10. Wriggins S.H. Xuan Zang: A Buddhist Pilgrim on the Silk Road, Colorado: Westview Press, 1996, 292 с.
11. Ковалевский А.П. Книга Ахмада Ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг., Харьков, 1956, 347 с.
12. Галкин Л.Л. Балтийские лады у побережья Каспия. Austrvegr. Восточный путь. Таллинн, № 2. (1996), 27-29.
13. Даркевич В.П. Художественный металл Востока VIII–XIII вв., Под ред. Т.В. Николаевой, Москва. 1976, 199 с.

Әдебиеттер тізімі:

1. Attman A. The Flow of Precious Metals Along the Trade Routes Between Europe and Asia upto 1800. Asian Trade Routes: Continental and Maritime. London, 1991, 7-20p.
2. Tashagil, Ahmet. İpek Yolu, İstanbul: Turk Kulturune Hizmet Vakfi, 2015, 528 s.
3. Petrov A.M. Velikiy Shelkovyy put': o samom prostom, no malo izvestnom, Moskva. Vostochnaya lit., RAN, 1995, 127 s.
4. Ammian Martsellin. Rimskaya istoriya. Perevod s latin. YU.A. Kulakovskogoi A.I. Soni. 3-ye izd., SPb.: Izd-vo Aleteyya, 2000, 288 s.
5. Kuz'mina Ye.Ye. Predystoriya Velikogo Shelkovogo puti. Dialog kul'tur Yevropa-Aziya, Otв. red. G.M. Bongrad-Levin, Moskva: Kom Kniga, 2011, 240 s.
6. Rtveldadze E. Tsivilizatsii, gosudarstva, kul'tury Tsentral'noy Azii, Tashkent, 2005, 288 s.

7. Haussig H.W. İpek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi, çev. M. Kayayerli, İstanbul: Otuken Neşriyat, 2001, 300 s.
8. Baypakov K. Velikiy Shelkovyy put' na territorii Kazakhstana. Almaty, 2007, 502 b.
9. Yereli, Ahmet Burçin. Yeniden Canlanan İpek Yolunda Ekonomik Stratejiler, İpek Yolu'nda Türk Kültür Mirası Sempozyumu Bildiriler, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, 2014, s. 161-168.
10. Wriggins S.H. Xuan Zang: A Buddhist Pilgrim on the Silk Road, Colorado: Westview Press, 1996, 292 c.
11. Kovalevskiy A.P. Kniga Akhmada Ibn-Fadlana o yegoputeshestviina Volgu v 921–922 gg., Khar'kov, 1956, 347 s.
12. Galkin L.L. Baltiyskiye lad'i u poberezh'ya Kaspiya Austrvegr. Vostochnyy put'. Tallinn, № 2. (1996), 27-29.
13. Darkevich V.P. Khudozhestvennyy metall Vostoka VIII–XIII vv., Podred. T.V. Nikolayevoy, Moskva. Nauka, 1976, 199 s.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Рахымбаева Айжан**, «Тарих» кафедрасының докторанты, Хаджеттепе Университеті. Анкара, Түркия. Tel: 87058023103 , zhan_0509@mail.ru

**САЯСАТТАНУ
ПОЛИТОЛОГИЯ
POLITICAL SCIENCE**

FTAXP: 11.15.87

<https://orcid.org/0009-0009-3390-8908>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Нонова А.Е.*, Турекулова Ж.Е.

«Саясаттану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,

М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

PhD доктор, доцент М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ**

*Автор-корреспондент: aigul.esen@icloud.com

Түйін: Сайлау жүйесі негізінен, сайлау науқандары мен референдумдардың өткізілу тәртібі мен нәтижелерінің ережелер жиынтығын білдіреді және демократиялық дамудың басты көрсеткіші болып табылады. Сайлау жүйесі – қоғамның таңдауын білдіретін, мемлекеттің дамуын айқындайтын маңызды мәселе. Саяси сайлау биліктің бөлінісімен айқындалатын, мемлекеттің саясатына ықпал жасаумен тығыз байланысты ұғым және мемлекеттік билік органдарын қалыптастыратын процесс. Сонымен қатар, саяси зерттеу нысаны ретінде, сайлау жүйесі үнемі түрлі ғылыми қауымдастықтың назарында болатын бағыт. Мәселені ғылыми түрде тұжырымдаудың қажеттілігі, әлемдегі демократиялық үдерістердің дамуымен және отандық сайлау жүйесін жетілдіру үрдісімен тығыз байланысты. Осы ретте, мақалада сайлау жүйесі, оның теориялық мәселелері, сайлаудың түрлері ғылыми тұрғыда қарастырылады. Әлемдегі қалыптасқан сайлау жүйелері зерделеніп, сайлау жүйелерінің ерекшеліктеріне, Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіндегі маңызды өзгерістерге салыстырмалы талдау жасалынады.

Кілт сөздер: демократиялық даму, сайлау жүйесі, электорат, өкілді органдар, сайлау процесі, қоғам

MPHTI: 11.15.87

<https://orcid.org/0009-0009-3390-8908>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Нонова А.Е.*, Турекулова Ж.Е.

магистрант 2 курса образовательной программы «Политология».

ЮКУ им М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

PhD доктор, доцент, ЮКУ им М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ СОВРЕМЕННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Автор-корреспондент: aigul.esen@icloud.com

Аннотация: Избирательная система представляет собой свод правил проведения и результатов избирательных кампаний, референдумов и является основным показателем демократического развития любой страны. Избирательная система – ключевой вопрос, который отражает выбор общества и определяет дальнейшее развития государства. Также, как предмет политических исследований, избирательная система постоянно находится в центре внимания различных научных сообществ. Необходимость научной разработки проблемы тесно связана с развитием демократических процессов в мире и тенденцией совершенствования отечественной избирательной системы. В статье рассматриваются теоретические вопросы и основные типы

избирательных систем. Дается сравнительная характеристика избирательных систем и проведен сравнительный анализ важных изменений в избирательной системе Республики Казахстан.

Ключевые слова: демократическое развитие, избирательная система, электорат, представительные органы, избирательный процесс, общество

IRSTI: 11.15.87

<https://orcid.org/0009-0009-3390-8908>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Nonakova A.E.*, Turekulova Zh.E.

master's student of the educational program «Political Science»,

M.Auyezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

PhD doctor, associate professor, M.Auyezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

MAIN TRENDS OF THE MODERN ELECTORAL SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

***Corresponding author:** aigul.esen@icloud.com

Abstract. The electoral system is a set of rules for the conduct and results of election campaigns and referendums and is the main indicator of the democratic development of any country. The electoral system is a key issue that reflects the choice of society and determines the further development of the state. Also, as a subject of political research, the electoral system is constantly in the focus of attention of various scientific communities. The need for scientific development of the problem is closely related to the development of democratic processes in the world and the tendency to improve the domestic electoral system. A comparative description of electoral systems is given and a comparative analysis of important changes in the electoral system of the Republic of Kazakhstan is carried out.

Key words: democratic development, electoral system, electorate, representative bodies, electoral process, society

Кіріспе

Заманауи сайлау жүйесін жетілдіру және тиімділігін арттыру, сонымен қатар азаматтардың сайлау процесіне қатысты көзқарастарын қалыптастыру бойынша мәселелердің теориялық және тәжірибелік шешімін іздестіру, **зерттеу тақырыбының өзектілігін** айқындайды.

Халықаралық саясаттың барлық субъектілері демократияны нығайту жолында, сайлау науқанын демократиялық негізде ұйымдастырып, өткізуге ұмытылады. Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы үшін маңызды мәселе – елдің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету, саяси қайшылықтарды болдырмаудың ықтималды модельдерін іздестіру, азаматтық қоғамның жетік түрін қалыптастыру болып табылады, осы аталған мәселелердің шешімін табу және сайлау жүйесін қалыптастыру және жетілдіру бойынша ғылыми зерттеулер аса қажетті дүние.

Зерттеу нәтижесі бойынша, халық билігін жүзеге асыруға бағытталған Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің негізгі проблемалары айқындалып, сайлау жүйесіндегі өзгерістердің маңыздылығы дәйектелді, бұл өз кезегінде зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Мақаланың негізгі мақсаты – сайлау жүйесі бойынша озық теориялар мен тұжырымдарға талдау жасау арқылы, Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіндегі оң бағыттарды зерделеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттеріне: сайлау жүйесінің негізгі ұғымына саяси тұрғыда талдау жасау, мажоритарлы, пропорционалды және аралас сайлау жүйелерінің ерекшеліктерін қарастыру, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіндегі негізгі проблемаларға талдау жасап, сайлау туралы заңнаманың мазмұны мен орындалу барысын

анықтау жатады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі батыс зерттеушілері Дж.Хоган, Э.Лейкман, Дж.Ламбер еңбектеріне және М.Дюверже және Дж.Сарторилардың электоралдық заңдылықтары теорияларына негізделеді. Зерттеудің нормативтік негізіне, Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы алынды. Мақалада, тарихи-саяси және теориялық-саяси тәсілдер, саяси жүйенің институционалдық талдауы *әдістері* қолданылды.

Теориялық талдау

Халықтың саяси еркін білдіру, қоғамның мүдделері мен қажеттіліктерін билік органдарында айқындау үшін, озық тәжірибеге негізделген сайлау жүйесін және көппартиялық саяси жүйені құру барлық қоғам үшін маңызды мәселе. Өкілдік демократияның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын сайлау жүйесін жүзеге асырмай, демократиялық конституциялық құқықтық мемлекетті қалыптастыру мүмкін емес.

Ғылыми әдебиеттерде сайлау жүйесі екі мағынада дәйектеледі. Кең мағынадағы сайлау жүйесі - бұл мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарын құру тәртібі, сайлауды ұйымдастырудың нысандары мен тәртібін айқындау. Екінші жағынан, сайлау жүйесі ретінде дауыс беру нәтижелеріне қарай депутаттық мандаттарды кандидаттар арасында тікелей бөлу жүйесі қарастырылады. Қазіргі кездегі саяси ғылымдары бойынша әдебиеттерде, «Сайлау жүйесі» ұғымына қатысты бірыңғай көзқарастар және ортақ термин қалыптаспаған. Саяси зерттеулердегі аталған ұғымға қатысты анықтамаларда, биліктің өкілді органдарын сайлаумен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесі ретінде қарастырылады. Жалпы, сайлау жүйесі бойынша түрлі құқықтық аспектідегі ғылыми әдебиеттер мен нормативтік негіздер ауқымы өте кең болғанымен, саяси тұрғыда теориялық жағынан зерттеуді жетілдіруді қажет ететін бағыт.

Сайлау жүйесінің тұжырымдамалық негізін Батыс әлемі зерттеушілерінің тұжырымдамалары аясында қарастыру аса маңызды. Ең алдымен, бұл демократиялық даму жолына қатысты еңбектер. Бұл еңбектердің шеңберінде сайлаудың демократиялық қағидаларға сәйкестігі қарастырылады, сонымен қатар, демократиялық азаматтық қоғамның талаптары мәселелеріне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, Сидней университетінің профессоры Джон Кин өзінің еңбегінде демократиялық үкімет құрудың мәселелеріне шолу жасайды [1]. Британдық зерттеуші Хэлд Дэвидтің зерттеуінде ежелгі Афиныдан бастап жаһандану дәуіріндегі демократиялық үлгілер қарастырылады [2].

Сайлау жүйесінің ерекшеліктеріне саяси талдау жасалынған еңбектердің ішінен, Дуглас Рэйдің «Сайлау заңының саяси салдары» атты еңбегін негізгі ғылыми еңбектердің қатарына жатқызамыз [3]. Зерттеуде, сайлау заңнамасы мен саяси партиялар жүйелерінің арақатынасы талданады. Йель университетінің зерттеушісі Ричард Кац өзінің «Партиялар және сайлау жүйелерінің теориясы» атты еңбегінде автор [4], саяси партиялар мен сайлау үрдісін заманауи демократиялық үдерістердің негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырады және сайлау жүйесінің саяси партиялардың рөліне, партия мүшелерін сайлау тәртібіне ықпалына талдау жасайды. Э. Лейкман және Д.Д. Ламберт еңбегінде, сайлау жүйесі ретінде дауыс беру жүйесі мен берілген дауыстарды есептеу үрдісі айқындалады [5]. К. Боун тұжырымдамаларына сәйкес, сайлау жүйесі –бұл дауыстың маңызын, сондай-ақ дауыстарды есептеу тәртібін және алынған дауыс үлесін мандаттарға бөлу [6]. Жария билік органдарын сайлауға, сайлауларды ұйымдастыруға және оның нәтижелерін тануға байланысты қалыптасқан саяси-құқықтық ережелер, тәсілдер, процедуралар, қоғамдық қатынастар жүйесі, деген ұтымды анықтаманы ресейлік зерттеуші Ю.М. Носкова ұсынады [7]

Жалпы, «сайлау жүйесі», «сайлау құқығы» және «сайлау процесі» демократиялық

мемлекеттің институционалдық негізі болып табылады. Сайлау жүйесінде негізгі мажоритарлы, пропорционалды және аралас жүйелер ажыратылады. Сайлау жүйесінің жіктемесін Э. Лайкмен және Д.Д. Ламберт төмендегідей түрде ұсынған:

- мажоритарлық және балама дауыс беру (мажоритарлы-преференциалды);
- жартылай пропорционалды;
- пропорционалды [5, б.26].

Мажоритарлық жүйеде сайлау нәтижесінде үміткерлердің ішінен барынша көп дауыс алған тұлға сайланған болып есептеледі. Мажоритарлық жүйе – бір мандатты сайлау округтерін құру арқылы, әрбір округтен бір ғана депутат сайланатын оңтайлы түр. Мажоритарлық сайлау жүйесі – Америка Құрама Штаттарында, Ұлыбританияда, Үндістанда қолданысқа енгізілген. Мажоритарлық жүйенің басты оң үрдісі – бұл сайлаушылар арасында танымалдылыққа жету үшін үміткердің жеке сайлау науқанын ауқымды түрде жүргізуі мақсатында сайлаушылармен тікелей танысуы. Бұл жүйе бойынша үміткердің қоғам алдындағы жеке жауапкершілігі артады және үміткер халық тарапынан легитимді қолдауға ие болады. Сонымен қатар, мажоритарлы жүйенің кемшіліктері ретінде зерттеушілер, жеңген кандидаттарға қарсы берілген дауыстардың жоғалуын көрсетеді, бұл сайланған үкіметтің бүкіл халықтың пікірін білдірмеуін, дәлірек айтсақ, оның толық қолдауының жоқтығын көрсетеді, деген пікірлер ұсынады. М. Дюверже теориясына сәйкес, мажоритарлы жүйе партиялық жүйенің және плюрализмнің қалыптасуына оң бағыт береді. Өйткені, бастапқыда партиялардың коалициялары құрылып, бір мандатты округтерде жеңіске жетудің қиындығына байланысты кейіннен партиялар біріктіріледі, нәтижесінде парламент құрылымын анықтайтын екі бәсекелес партия құрылады [8].

Пропорционалды жүйе барысында дауыс беру көп мандатты сайлау округтерінде жүзеге асырылады. Мұнда басты бәсеке, жекелеген үміткерлер арасында емес, саяси партиялар ұсынған үміткерлер тізімі бойынша жүреді. Сайлаушы тікелей үміткерге емес, партиялар немесе қоғамдық қозғалыстарға дауыс береді. Партиялық тізім бойынша сайлау жүйесінде, сайлауға қатысатын әрбір саяси партияға биліктің өкілді органынан орын алу мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады және партия алған мандаттар саны сайлау кезінде оның тізімі үшін берілген дауыстардың санына пропорционалды болады. Пропорционалды жүйенің маңызды шарты – қоғамдағы саяси партиялардың қызметі және партиялар заң шығарушы органдарға өз өкілдерін ұсынуға құқығы бар бірегей легитимді субъект ретінде болуы. Кейбір жағдайда, пропорционалды жүйенің қарсыластары, бұл сайлау жүйесінің кемшіліктерін айқындайды. Сайлаушылар партияға дауыс беру арқылы, өз үміткерін таңдау мүмкіндігінен айрылатынын, партияға дауыс беру барысында, партия тарапынан ұсынылатын үміткердің сайлануын алға тартады.

Аралас сайлау жүйесі, пропорционалды және мажоритарлық жүйелердің ұштасуын білдіреді. Яғни, екі жүйенің оңтайлы жақтарын алу, сайлау жүйесін жетілдірудің жолы болып табылады.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы саяси-құқықтық салаларда ұтымды реформалар жүргізу үстінде. Елдің сайлау жүйесіне де біраз өзгерістер енгізілген. Жалпы, Қазақстан Республикасында «Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, аудандар, облыстық маңызы бар қалалар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі.» [9]. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесіне өзгерістердің бірі, ауыл әкімдерін жергілікті халықтың дауыс беру арқылы сайлау мүмкіндігіне ие болуын ерекшелейміз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың, «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»

Жолдауында, «Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланатындығы» айтылды [10]. Яғни, мажоритарлық жүйе негізінде Қазақстан Республикасының әрбір аймағы Парламент төменгі палатасына өз үміткерлері арасынан 1 депутаттарды сайлау мүмкіндігіне ие болды. Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы партия атынан яғни пропорционалды жүйе арқылы сайланатын болса, қалған 30 пайызы мажоритарлық жүйе негізінде сайланады. Сонымен қатар, аралас сайлау жүйесі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттарға сайлану барысында қолданылатын болды. Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардағы аралас сайлау жүйесіне көшуге байланысты бүкіл сайлау жүйесі қайта құрылды.

Сайлау жүйесіндегі басты өзгерістердің бірі – императивті мандатқа көшу бағыты. Депутаттың императивтік мандаты, депутаттың сайлаушылармен қарым-қатынасын сипаттайтын халық өкілінің құқықтық мәртебесінің элементі ретінде еркін мандаттан бұрын пайда болған. Ол депутаттың сайлаушылардың нұсқаулары мен талаптарын міндетті түрде орындауын болжайды. Императивті мандат арқылы депутатқа өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік жүктеледі және егер халықтың талабы орындалмаған жағдайда депутатты кері қайтару мүмкіндігі. Бұл өзгерістер - мемлекеттік билік құрылымын, партиялық жүйені жаңа тұрғыда қалыптастыруға бағытталған қадамдар және мемлекет, қоғам, саяси партиялар арасындағы үндестікке жетелейтін саяси іс-шаралар.

Қорытынды

Жалпы, сайлау жүйесі халық билігін жүзеге асырудың құралы болып табылады және халық өкілдігі институты арқылы сайлаушылар парламент қызметіне тікелей ықпал жасауға мүмкіндікке ие. Сайлау құқығының демократиялық принциптеріне сайлау еркіндігі, таңдау мүмкіндігінің болуы, балама үміткерлер, бәсекеге қабілеттілік, жарыстастық, сайлаудың кезеңділігі мен жүйелілігі, сондай-ақ саяси партиялар мен кандидаттардың мүмкіндіктер теңдігі жатады. Сайлау жүйесі арқылы елдің парламентінің партиялық құрамы анықталады. Тұрақты саяси даму барысында оң бағытта ұйымдастырылған сайлау жүйесі қоғамды демократияландыруға ықпал ететін маңызды фактор. Сондықтан, сайлау жүйесінің түрін таңдау, саяси мақсаттар мен конституциялық-құқықтық жағдайларға, елдің діліне, саяси дәстүрлеріне қатысты туындайды.

Қазақстан Республикасының сайлау жүйесінің басты ерекшелігі – жалпы елдің саяси жүйесінің өзгерісі, сонымен қатар сайлау жүйесінің конституциялық және заңмен бекітілген принциптері мен механизмдеріндегі өзгерістер. Мемлекет басшысының бастамасы және қолдауы нәтижесінде жүргізіліп отырған экономикалық және саяси реформаларға қол жеткізу үшін мемлекет және қоғамның сындарлы диалогы қажет және осы реформаларды жүзеге асыруға бағытталған ортақ күш-жігерді талап етеді.

Мақаланың тұжырымдарын тәжірибелік түрде, «Саясаттану» және «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттері үшін арнайы курс өткізуде және оқу құралдарын дайындауда пайдалануға болады. Сонымен қатар, сайлау науқандарын өткізуде, сайлау бойынша халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу барысында қолдануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Keane John. The Life and Death of Democracy. New York: W.W. Norton & Company, 2009, 958p.
2. Held David. Models of Democracy. Stanford, CA: Stanford University Press, 2006, 544p.
3. Douglas W. Rae The Political Consequences of Electoral Laws. Yale University Press, 1971, 203p.
4. Richard S. Katz A Theory of Parties and Electoral Systems. Johns Hopkins University Press, 2007, 166p.

5. Лейкман Э., Ламберт Д.Д. Исследование мажоритарной и пропорциональной избирательных систем: Москва: Изд-во иностр. лит., 1958, 366с.

6. Bown K. The Logic of Institutional Preferences: German Electoral Law as a Social Choice Outcome // Amer. J. Political Sci. 1993, Vol. 37, № 4., P. 966

7. Носкова Е.Ю. Теоретические основы понятия «избирательная система» условие функционирования демократической политической системы // Обозреватель - Observer. 2019. №3 (350). Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-ponyatiya-izbiratelnaya-sistema-uslovie-funktsionirovaniya-demokraticheskoy-politicheskoy-sistemy> (03.11.2023).

8. Дюверже М. Политические партии / Пер. с франц. - Москва: Академический Проект, 2000, 538 с

9. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы. Мына сілтемеде: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (20.11.2023)

10. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мына сілтемеде: // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (20.11.2023)

References liste:

5. Lejkman E., Lambert D.D. Issledovanie mazhoritarnoj i proporcional'noj izbiratel'nyh sistem: Moskva: Izd-vo inostr. lit., 1958, 366s.

7. Noskova E.YU. Teoreticheskie osnovy ponyatiya «izbiratel'naya sistema» uslovie funkcionirovaniya demokraticheskoj politicheskoy sistemy // Obozrevatel' - Observer. 2019. №3 (350). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-ponyatiya-izbiratelnaya-sistema-uslovie-funktsionirovaniya-demokraticheskoy-politicheskoy-sistemy> (03.11.2023).

8. Dyuverzhe M. Politicheskie partii / Per. s franc. - Moskva: Akademicheskij Proekt, 2000, 538 s

9. Kazakstan Respublikasyndagy sajlau turaly Kazakstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 28 kyrkujektegi N 2464 Konstituciyalyk zany. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (20.11.2023)

10. Memleket basshysy Kasym-ZHомart Tokaevtyң Kazakstan halkyna ZHholdauy «ZHana Kazakstan: zhanaru men zhangyru zholy» // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (20.11.2023)

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Нонакова Айгүль Есенбаевна** - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Саясаттану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты. E-mail: aigul.esen@icloud.com. тел: +77753670859

FTAXP: 11.09.09

<https://orcid.org/0009-0003-5581-356X>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Жолшыбек М.М.* , Турекулова Ж.Е.

«Саясаттану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты.

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан,

PhD доктор, доцент М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

*Автор-корреспондент: madiinaa017@gmail.com

Түйін: Қазіргі әлемнің саяси архитектурасы өзінің күрделілігімен, қайшылыққа толы бағыттарымен ерекшенеді. Жаһандық даму деңгейінің сын-қатерлері, барлық адамзат дамуына ортақ. Осы орайда, әрбір мемлекет сол сын-қатерлерге қарсы тұру, ішкі жағдайда орын алған қайшылықтарды еңсеру бойынша өзіндік ұстанымын айындап, саяси-экономикалық дағдарыстардың алдын алу үшін жедел шаралар өткізуі заман талабынан туындайтын қажеттілік. ХХІ ғасырдағы әрбір мемлекеттің табысты түрде дамуы, қоғам мен мемлекеттік органдардың халықаралық жүйенің өзгермелі жағдайына бейімделе білуінен және ұтымды өзара ықпалдастықтың орнауымен айқындалады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтің және басқарудың тиімділігін арттыру мен оның оңтайлы да ұтымды моделін іздестіру аса маңызды бағыт болып табылады. Ұсынылып отырған мақалада, азаматтық қоғам идеясы және оның теориялық негізі қарастырылады, мемлекет және қоғам арасындағы диалог және өзара ықпалдастықтың негізгі мәселелеріне талдау жасалынады және халықтың үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының мәні мен оның жүзеге асыру барысындағы негізгі мәселелеріне зерттеу жүргізілінеді.

Кілт сөздер: мемлекеттік қызмет, азаматтық қоғам, модернизация, саяси жүйе, «Халықтың үнінен құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы

МРНТИ: 11.09.09

<https://orcid.org/0009-0003-5581-356X>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Жолшыбек М.М., Турекулова Ж.Е.

магистрант 2 курса образовательной программы «Политология».

ЮКУ им М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

PhD доктор, доцент, ЮКУ им М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

*Автор-корреспондент: madiinaa017@gmail.com

Аннотация: Современная политическая архитектура мира отличается сложностью и противоречивостью и глобальные вызовы являются общими для всего человеческого развития. В связи с этим каждому государству необходимо подготовить собственную позицию для решения и преодоления различных внутренних проблем, и принятия срочных мер по предотвращению политических и экономических кризисов. Эффективное развитие государства в ХХІ веке определяется способностью общества и государственных органов адаптироваться к меняющимся условиям международной системы и налаживанию эффективного взаимодействия. При этом, повышение эффективности государственной службы и государственного управления, поиск ее оптимальной и рациональной модели также является особо важным направлением. В статье

рассматриваются теоретические основы идеи гражданское общество, анализируются основные проблемы диалога и взаимодействия государства и общества, изучаются значение концепции слышащего государства и основные проблемы в ее реализации.

Ключевые слова: государственная служба, гражданское общество, модернизация, политическая система, концепция «Слышащее государство».

IRSTI: 11.09.09

<https://orcid.org/0009-0003-5581-356X>

<https://orcid.org/0000-0002-2461-2488>

Zholshybek M.M.*, Turekulova Zh.E.

master's student of the educational program «Political Science».

M.Auyezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

PhD doctor, associate professor, M.Auyezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

**PROBLEMS OF INTERACTION BETWEEN
THE PUBLIC SERVICE AND CIVIL SOCIETY**

***Corresponding author:** madiinaa017@gmail.com

Abstrac: The modern political architecture of the world is complex and contradictory, and global challenges are common to all human development. In this regard, each state needs to prepare its own position to solve and overcome various internal problems, and take urgent measures to prevent political and economic crises. The successful development of each state in the 21st century is determined by the ability of society and government agencies to adapt to the changing conditions of the international system and establish effective interaction. At the same time, increasing the efficiency of the civil service and public administration, the search for its optimal and rational model is also a particularly important area. The article examines the theoretical foundations of the idea of civil society, analyzes the main problems of dialogue and interaction between state and society, studies the meaning of the concept of a listening state and the main problems in its implementation.

Key words: public service, civil society, modernization, political system, concept of a «Listening state»

Кіріспе

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып отырған «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының аясында, мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызмет институты мен азаматтық қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты арттыру, қазіргі таңда өміршең мәселелердің қатарына кіреді. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара ықпалдастығын ұйымдастырудың және жүзеге асырудың әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, әлеуметтік-экономикалық ортақ мақсаттарға жету үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, тиімді нәтиже беретіндігі айқын. **Мақала тақырыбының өзектілігі,** мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды жүзеге асыру барысында мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл үдерісін тиімді басқарудың, оның механизмдері мен негізгі бағыттарын айқындауға байланысты туындайды.

Мемлекет басшысы ұсынған «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын, қоғам және билік арасындағы сындарлы диалогты орнатуға бағытталған бағыт ретінде анықтай отырып, қазіргі кездегі жүзеге асырылу жолдары мен негізгі үрдістерінің айқындалуы, **мақаланың ғылыми жаңалығын** білдіреді. Теориялар мен тұжырымдар негізінде «азаматтық қоғам» және «мемлекеттік қызмет» ұғымдарына талдау жасалынып, қоғам және билік арасындағы келісімді жүзеге асыру жолдары дәлелденді.

Зерттеудің мақсаты - азаматтық қоғам және мемлекеттік қызмет ұғымдарына теориялық тұрғыдан талдау жасай отырып, Қазақстан Рсепубликасындағы саяси тәжірибе

ретінде жүзеге асырылу үрдістерін зерделеу болып табылады.

Мақаланың негізгі міндеттері, азаматтық қоғам түсінігінің мәні мен ерекшеліктерін зерделеу, қоғам және билік арасындағы сындарлы диалог орнату жолдарына талдау жасау.

Зерттеудің негізгі әдістері. Азаматтық қоғам дамуының негізгі бағыттарын айқындау мақсатында негізгі теорияларға талдау жасау әдісі, «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жүзеге асырылу бағытын зерттеу жасау үшін нормативті-құқықтық және бағдарламалық ресми құжаттарға сараптамалық-талдау әдісі қолданылды.

Теориялық талдау

Мақала тақырыбына қатысты теориялар мен тұжырымдарға талдау жасау мақсатында, ғылыми еңбектер мен көзқарастарды үш негізгі бағытқа бөліп қарастырамыз. Біріншісі, мемлекеттік басқару мәселесіне қатысты тұжырымдамалар мен еңбектер болса, екіншісі, азаматтық қоғам мен билік органдары арасындағы өзара ықпалдастық мәселесі, ал үшінші бағытқа «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына қатысты ғылыми көзқарастарды ерекшелейміз.

Жалпы, қазіргі таңда мемлекеттік басқару мәселесіне қатысты тұжырымдар мен парадигмалар ауқымы өте кең. Түрлі модельдер мен басқарудың ұтымды жолдары зерттеушілер тарапынан теориялық тұрғыда кеңінен талданған мәселелер қатарына енеді. Мемлекеттік органдар қызметінің мақсаттары, әдістері мен басымдықтары азаматтың мүдделері мен қажеттіліктеріне бейімделген басқару жүйесін құру, әкімшілік реформаның басты мақсаты болып табылады. Мемлекеттік басқарудың озық тұжырымдарының бірі ретінде, XX ғасырдың 80-90 жылдары Солтүстік Америкада, Еуропада, Австралияда және Азия-Тынық мұхиты аймағында әкімшілік жүйелерді жаңғыртудың басым бағыты болып табылатын «New Public Management» (Жаңа мемлекеттік менеджмент) тұжырымдамасы ұсынылды. Британдық зерттеушілер С.Доусон мен Ш.Дарги жаңа мемлекеттік басқарудың үш түсінігін анықтайды:

- біріншіден, атқарушы билік пен мемлекеттік қызмет нысандарының қызметі және тиімділігі бойынша саяси тұжырымдардың жиынтығы;

- екіншіден, мемлекеттік қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруды зерттеу бойынша бағыт;

- мемлекеттер тарапынан жүргізілетін әкімшілік реформалар барысында жүзеге асырылған саяси іс-шаралар жиынтығы [1, б.34].

Зерттеу тақырыбымызға қатысты екінші маңызды бағыт – бұл билік органдары мен азаматтық қоғамның өзара ықпалдастығы. XX-XXI ғасырларда азаматтық қоғам идеясы жаңа мәнге ие болып, саяси ойлармен толықтырылды. Флорида университетінің қызметкерлері Стивен Кляйн және Чхоль-Сон-Ли зерттеуінде, азаматтық қоғам мен мемлекет және экономика арасындағы өзара ықпалдастық мәселесіне талдау жасалынады [2,б.62]. Мемлекеттік басқару саласы мен азаматтық қоғам мәселелері бойынша АҚШ сарапшысы Роберт Лонглидің «Азаматтық қоғам: анықтама және теория» атты зерттеуінде, азаматтық қоғам ұғымы аясына автор, түрлі қауымдастықтар мен топтарды, үкіметтік емес ұйымдарды, кәсіподақтарды, байырғы халықтардың өкілдерін, қайырымдылық қорларын, діни ұйымдарды топтастырады және олар өз қызметтерін үкіметтен тыс түрде қоғамдағы негізгі мәселелерді шешуге, қолдау көрсетуге арнайды, деген тұжырымдар жасайды [3]. Қазіргі таңда, әлемдік саясаттың жаңа құбылысы ретіндегі жаһандық азаматтық қоғам тұжырымдамасы кеңінен қолдануда. Атаған тұжырымдама, американдық халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша зерттеушісі Ронни Лепсхетцтің «Әлемдік саясатты қайта құру: жаһандық азаматтық қоғамның пайда болуы» атты мақаласында қолданылған [4,б.395].

Мемлекет және азаматтық қоғам арасындағы ықпалдастық мәселесі бойынша соңғы жылдары жарық көрген еңбектердің ішінен, Утрехт университетінің қызметкері Майкл Варденбургтың «Үкімет және азаматтық қоғам арасындағы қатынастардың негізі» атты зерттеуінде [5, б.554], жергілікті басқару органдары және азаматтық қоғам институттары арасындағы тығыз байланыс қоғамның тұрақты дамуының кепілі деген тұжырымдар ұсынылады. Батыс зерттеушілері, өз азаматтарын тыңдай және шынайы түсіне алмайтын мемлекеттік аппарат сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтын саясат жүргізеді және ақпараттық дәуірде, тиімді басқару саясатын қамтамасыз ету үшін, мемлекет халықты тыңдаудың жаңа тәсілін қабылдауы керек [6], деген көзқарастарды ұсынады.

Нәтижелер және талқылау

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қайта құрылымының өзегі – билік басында тұрған, аталған қайта құрылымдарды ұтымды түрде жүргізе білетін тұлғалар мен институттарға байланысты. Мемлекеттік қызмет азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы ажырамас негізгі буыны және мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесу органы болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің негізгі принциптері:

- адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

- азаматтық қоғам институттарымен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен өзара әрекеттесу.

Мемлекеттік қызмет, азаматтық қоғамның әртүрлі қолданыстағы институттарымен тығыз байланысты, өйткені ол мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесу жүйесінің маңызды аралық элементі болып табылады. Мемлекеттік қызмет өз функцияларын жүзеге асыра отырып, бір жағынан, қоғамдық процестерді мемлекеттік реттеу функцияларын, оның ішінде азаматтық қоғам институттарының қызметін реттеу функцияларын жүзеге асыратын жеке институт ретінде әрекет етеді, ал екінші жағынан, ол азаматтық қоғам және оның институттары тарапынан қоғамдық бақылау объектісі болып табылады.

Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың заман талабына сәйкес келесідей маңызды бағыттарын анықтауға болады:

- қоғам мүшелерінің мүдделері аясында ізгілік, әділдік және құқық басымдылығы қағидаттарына негізделген, ел дамуының маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге негізделген мемлекет пен азаматтық қоғам бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста және ынтымақтасатын мемлекеттіліктің түбегейлі жаңартылған түрін қалыптастыру;

- биліктің ашықтығын дамыту және маңызды мемлекеттік даму бағдарламаларын, ұлттық жобаларды талқылауға, заң жобаларын талқылауға азаматтық қоғамның белсенді қатысуы үшін жағдай жасау, қоғамда нақты пікірлер плюрализмін қалыптастыру және мемлекеттік шешімдерді қабылдау кезінде оларды есепке алу;

- қалыптасқан азаматтық және саяси мәдениеттігі қайшылықтарды еңсеру, бекітілген конституциялық кепілдіктерге сәйкес азаматтық бейбітшілік пен келісім негізінде қоғамдық қатынастарды тұрақтандыру мен үйлестіруге қол жеткізу.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы, Батыс елдерінің озық тәжірибесі көрсеткендей, бірқатар бағыттар бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде:

- заң жобаларын талқылауға бұқара халықты кеңінен қатыстыру;

- мемлекеттік органдардың қызметін бақылаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес нысандарының үйлесімді нысаны;

- қоғамдық бірлестіктер үшін әлеуметтік саясат бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруда ашықтық режимін қамтамасыз ету;

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға қатысты ақпараттық алмасуды жолға қою;

- азаматтық қоғам институттарының әлеуметтік маңызы бар бастамаларына мемлекеттік қолдау таныту тетіктерін әзірлеу.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында Қазақстан Республикасының алдында, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіріп, заман талабына сай келетін мемлекеттік қызмет институтын құру және дамыту міндеті өзекті мәселелердің қатарында болды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқарудың оңтайлы жолдарын іздестіру ісінде, мемлекеттік қызметкерлердің бойында жария құндылықтардың, әлеуметтік жауапкершіліктің, коммуникативті құзыреттіліктің, рухани бағдардың болуына, қызметтік этиканың қатаң сақталуына басты назар аударып, дәйекті түрде реформалауды жүзеге асыру үшін, тұжырымдалған, мақсатты саясатын жүзеге асыруға ұмтылып отыр. Осы мақсатқа жету үшін Үкімет реформалар жүргізуде, заңнаманы жетілдіруде, түрлі жобаларға инвестиция салуда.

Мемлекеттік билік және азаматтық қоғам арасындағы ықпалдастықты жандандыру және халық пен билік арасындағы сындарды диалог орнатуға бағытталған шаралар, Қазақстан Республикасы тарапынан басты назарға алынып, тұжырымдамалар жасалынып, саяси тәжірибеде жүзеге асырылуда. 2019 жылғы Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы ұсынылды [7].

Мемлекет басшысы ұсынған тұжырымдаманың негізгі өзегі - мемлекеттік аппараттың азаматтар мүдделеріне сай қызмет атқару мәселесіне негізделген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңның 4 бабына сәйкес, «азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері және заңды мүдделерінің басымдығы» мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары болып табылады [8]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 27 тамыз 2020 жылғы № 390 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам құрудың Тұжырымдамасы» бекітілген.

Қазірдің өзінде мемлекет тарапынан қоғаммен байланыс орнату платформасы құрылғанын, халықпен кері байланыс арналарының қызметін және олардың қоғам тарапынан бақылауды жүзеге асыруға қолайлы жағдай тудырып отырғанын айқындау қажет. Мысалы:

- мемлекеттік органдарға онлайн тұрғыда ресми өтініш жасауға мүмкіндік беретін <https://eotinish.kz> сервисінің қызметі;

- мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының блог-платформасы <https://dialog.egov.kz> іске қосылған, ол «Ашық диалог» порталының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады және кез келген азаматты тікелей әкімге немесе мемлекеттік органның басшысына маңызды сұрақты қоюға мүмкіндік береді;

- нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылау алаңы «Ашық құқықтық нормалар» және әкімдіктің немесе мемлекеттік органның бюджетімен танысуға мүмкіндік беретін «Ашық бюджеттер» порталдары ашылған;

- онлайн режимінде сұрақтар қоюға немесе сұрау салуға мүмкіндік беретін Интернет-конференциялар мен «Ашық диалог» порталының қызметі;

- <http://gov.kz/> бірыңғай платформасындағы Қазақстанның мемлекеттік органдарының интернет ресурстары ашылған.

Азаматтық қоғамды орнату және мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты жетілдіру, еліміз үшін маңызды бағыт болып табылады. Қазақстанның адам құқықтарын сақтау және заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатты саясатының нәтижелерінің бірі ретінде, Қазақстан Республикасының қоғамды одан әрі демократияландыру және адам құқықтарының негізгі принциптері мен нормаларын қорғау мен сақтауға жәрдемдесу жөніндегі қызметіне жаңа серпін беретін қадам – 2022-2024 жылдарға БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып қайта сайлануын айқындаймыз.

Тәуелсіз Бұқаралық ақпараттық құралдары – азаматтық қоғамның ажырамас бөлігіне айналып отыр. Ақпараттық құралдар қоғам үшін маңызды мәселелерді бұқара халықтың талқысына салудың ежелгі институты болып табылады және заманауи технологиялар заманында қоғам мен билік арасындағы көпір ретінде дамып отыр. Мемлекеттік билік және қоғам арасындағы өзара ықпалдастықтың негізгі құралы – сөз еркіндігі, ашықтық, қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының дамуындағы саяси басымдық болып табылады. Журналистердің құқығын, сөз бостандығын сақтау заңнама түрінде бекітілген және қоғамдық ұйымдардың бақылауына қойылған. Олардың ішіндегі маңызды ұйым – «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоғамдық қорының басты мақсаты – еркін, объективті және прогрессивті журналистиканы орнату арқылы ашық азаматтық қоғам орнату.

Соңғы жылдарда, еліміздің ұлттық мемлекеттік қызмет жүйесіне шетел мемлекеттерінің мемлекеттік басқару саласындағы озық үлгілерін зерделей келе, оңтайлы тәжірибелерін енгізіп, ұлттық менталитетпен, ерекшеліктермен ұштастыру нәтижесінде Қазақстандық мемлекеттік қызмет моделі қалыптасты. Меритократиялық принципке, мансаптық жоғарылауға, құзыреттілік арқылы мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін арттыруға бағытталған, қазақстандық модель шетелдік зерттеушілер, заңгерлер, ғалымдар тарапынан үлкен бағаға ие болды. Шетел тәжірибесін рационалды тұрғыдан зерделеп, оны отандық тәжірибеге енгізу арқылы, кадрлық шешімдер және қаржылық шығындармен байланысты өрескел қателіктерді азайтуға мүмкіндік алдық. Мемлекеттік қызметті реформалау барысында қалыптасқан қазақстандық үлгінің төмендегідей негізгі сипаттарын ерекшелейміз:

- мемлекеттік қызметтің саяси және әкімшілік түріндегі бөлінісі;
- мемлекеттік қызметшіні қызметке қабылдау және жоғарылату барысындағы меритократиялық принципті бекіту;
- мемлекеттік қызмет жүйесіне мансаптық жоғарылау моделінің енгізілуі;
- кадрларды басқару және бақылау ісінде озық технологияларды қолдану.
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерінің бірі ретінде саяси мемлекеттік қызметшілерді ротациялау институты енгізілді;
- мемлекеттік қызметшілердің адамгершілі мен моральдық жауаптылығын арттыруға бағытталған әдеп кодексі енгізілді.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, танымал ғалымдардың зерттеулері және Қазақстан Республикасының саяси тәжірибесі мен заңнамалары негізінде, қазіргі азаматтық қоғам мен мемлекеттік қызмет арасындағы ықпалдастықтың негізгі мәселелеріне арналған төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз:

Біріншіден, азаматтық қоғам - қоғам мүшелерінің мүмкіндіктері мен мүдделерін жүзеге асырудың тиімді құралы. Қазақстанның қазіргі саяси жүйесінде, азаматтық қоғам мен мемлекет, өзара байланыстағы, ықпалдасушы дербес екі институт ретінде әрекет етеді. «Азаматтық қоғамның мәні мен құрылымы, оның ықпал ету аясы өзгеруде, және бұл өзгерістерді дамытудың маңызды факторы – цифрландыру, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттың үлкен көлеміне қол жеткізу, әр адамның Интернетте өзінің жеке платформасын пайдалану мүмкіндігіне ие болуы және адам мен қоғам арасындағы алшақтықты азайту.

Екіншіден, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара ықпалдастығы – бұл экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани қатынастар саласындағы азаматтардың, әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттіліктерін қорғау мақсатында билік органдары мен азаматтық қоғам институттары бірлесе жүзеге асыратын іс- әрекеттер және қызметтер жүйесі.

Мақаланың тұжырымдарын тәжірибелік түрде, «Саясаттану» және «Халықаралық қатынастар» мамандығының студенттері үшін арнайы курс өткізуде және оқу құралдарын

дайындауда пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Dowson S., Dargie C. New Public Management: A Discussion with Special Reference to UK Health // The New Public Management: Current Trends and Future Prospects / Ed. by K. McLaughlin, S. Osborne, E. Ferlie. London: Taylor & Francis, 2002, 368p.
2. Steven Klein and Cheol-Sung Lee Towards a Dynamic Theory of Civil Society // Sociological Theory, 2019, Vol. 37, No. 1, P.62-88. <https://doi.org/10.1177/073527511983>
3. Longley R Civil Society: Definition and Theory, 2022. Available at: <https://www.thoughtco.com/civil-society-definition-and-theory-5272044> (15.11.2023)
4. Lipschutz R. Reconstructing world politics: The emergence of global civil society. // Millennium: Journal of International Studies, 1992, Vol. 21, № 3, P.389–420.
5. Waardenburg M. Understanding the Microfoundations of Government-Civil Society Relations // Voluntas. 2021, Vol.32(3), P.548-560. doi: 10.1007/s11266-020-00221-w.
6. Christian Madsbjerg The Listening State. Available at: https://www.researchgate.net/publication/304801195_The_Listening_State (17. 11. 2023ж.)
7. Сындалы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Мына сілтемеде: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (20.11. 2023 ж.)
8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ. Мына сілтемеде: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (20.11. 2023 ж.)

References liste:

7. Syndarly қоғамдық dialog - Kazakstannyn turaktylygy men orkendeuinin negizi Memleket Basshysynyn 2019 zhylygy 2 kyrkujektegi Kazakstan halkyna Zholdauy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019>
8. Kazakstan Respublikasynyn memlekettik kyzmeti turaly Kazakstan Respublikasynyn Zany 2015 zhylygy 23 karashadagy № 416-V KRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Жолшыбек Мадина Маратқызы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Саясаттану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, тел: +77472745771, E-mail: madiinaa017@gmail.com

FTAXP: 11.15.37

<https://orcid.org/0009-0003-9229-1502>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

¹Сабырхан А.*, ²Турекулова Ж.

¹«Саясаттану» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²мұғалім, М.Әуезов атындағы ЖОББМ. Шу, Жамбыл облысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ: НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР, ЖЕТІСТІКТЕР ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕР

*Автор-корреспондент: Sabyrkhan.aizhan@mail.ru

Түйін: Мемлекетаралық қақтығыстар, пандемия, идеологиялық қайшылықтар, ақпараттық соғыстар түріндегі жаһандық өзгерістер мен мәселелердің салдарын еңсеру үшін тұрақты дамудың саясаты және стратегиясын заман талабына сай әзірлей білу, оны ұтымды іске асыру мемлекеттер үшін басты мақсат болып табылады. Білім беру саласы – бұл барлық мүдделі тараптардың өзара байланысын қамтитын көп деңгейлі күрделі жүйе болып табылады. Сондықтан, тиімді білім беру саясатын жүргізу – дәйектілікті, білім берудің міндеті мен мазмұнын айқындауды, халықаралық саясаттың өзгермелі жағдайына бейімдеуді талап етеді. Ұсынылып отырған мақалада, білім беру жүйесінің ерекшеліктері әлеуметтік - саяси институт ретінде қарастырылып, мәселенің теориялық негіздеріне талдау жасалынады. Білім беру жүйесіндегі қалыптасқан жағдайға талдау жасауға және білім беруді жүзеге асырудағы мемлекеттік саясаттың маңызды мәселелерін, негізгі бағыттарын зерделеуге басты назар аударылған.

Кілт сөздер: мемлекеттік саясат, стратегия, білім беру жүйесі, интеграция, Болон үрдісі, реформа

МРНТИ: 11.15.37

<https://orcid.org/0009-0003-9229-1502>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

¹Сабырхан А.*, ²Турекулова Ж

¹магистрант 2 курса образовательной программы «Политология»,
ЮКУ им М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

²учитель, СОШ имени М.Ауэзова. Шу, Жамбылская область

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ, ДОСТИЖЕНИЯ И ПРОБЛЕМЫ

*Автор-корреспондент: Sabyrkhan.aizhan@mail.ru

Аннотация: На современном этапе развития страны мира сталкиваются глобальными проблемами такими как межгосударственные конфликты и последствия пандемии, идеологические противоречия, информационные войны. Для преодоления данных глобальных проблем необходимо своевременная разработка новых стратегии и политики устойчивого развития. Сфера образования представляет собой многоуровневую сложную систему, включающую взаимодействие всех заинтересованных сторон. Поэтому, проведение эффективной образовательной политики, требует последовательности, определения задач и содержания образования, успешной адаптации к меняющимся условиям международной политики. В данной статье, система образования рассматривается как социально - политический институт и анализируются теоретические основы проблемы. Основное внимание уделено анализу текущей ситуации в системе образования и изучению важных вопросов и основных направлений реализации государственной политики в

сфере образования.

Ключевые слова: государственная политика, стратегия, система образования, интеграция, Болонский процесс, реформа

IRSTI: 11.15.37

<https://orcid.org/0009-0003-9229-1502>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

¹Sabyrkhan A.*, ²Turekulova Zh.

¹master's student of the educational program «Political Science»,

M.Aueyevov SKU. Shymkent, Kazakhstan

²teacher, M.Aueyevov Secondary School. Shu, Zhambyl region

STATE POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE FIELD OF EDUCATION: MAIN TRENDS, ACHIEVEMENTS AND PROBLEMS

***Correspondent-author:** Sabyrkhan.aizhan@mail.ru

Abstract: At the present stage of development, the countries of the world are faced with global problems such as interstate conflicts and the consequences of the pandemic, ideological contradictions, and information wars. Timely development of new strategies and policies for sustainable development is required to overcome global challenges. The education sector is a multi-level complex system, including the interaction of all interested parties. Therefore, carrying out an effective educational policy requires consistency, defining the objectives and content of education, and successful adaptation to the changing conditions of international politics. In this article, the education system is considered as a socio-political institution and the theoretical foundations of the problem are analyzed. The main attention is paid to the analysis of the current situation in the education system and the study of important issues and main directions for the implementation of state policy in the field of education.

Key words: public policy, strategy, education system, integration, Bologna process, process of reforming educational systems.

Кіріспе

Білім саласы - бұл барлық мемлекеттердің саясатындағы негізгі бағыт және қоғамның мәдениеті мен рухани құндылықтарын қалыптастырудағы маңызды буын болып табылады. Білім беру жүйесі арқылы, қоғамның болашақтағы дамуын, оның рухани бағдарын айқындайтын құндылықтар жүйесі қалыптасады және оқу бағдарламалары мен әдістеріне жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды енгізу арқылы қоғамның идеологиялық қондырғыларының дамуына ықпал етіледі.

XXI ғасырдың басынан бастап, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі түбегейлі өзгертіліп, орнына әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланған жаңа бағыттар мен үрдістер енгізіліп отыр. Мемлекет тарапынан білім беру жүйесіне ерекше назар аударылуда, қоршаған ортаның өзгермелі жағдайына бейімделген білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары іздестірілуде. Осы мәселелер аясында, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мәнін, негізгі бағыттарын, үдерістері мен болашақтағы даму жолын айқындау бойынша зерттеулер жүргізу және тұжырымдарды негіздеу *өзектілігімен ерекшеленеді.*

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің қалыптасуындағы заманауи бағыттар мен мемлекеттік білім беру саясатының жүзеге асырылу ерекшеліктеріне, ағымдағы жағдайды талдауға қатысты ғылыми тұжырымдамалар мен ұсыныстар жасаумен анықталады.

Зерттеудің мақсаты - Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы реформалар аясында, мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен жүзеге асырылуының ерекшеліктеріне талдау жасау және мемлекеттің білім саласындағы саясатын жетілдіру бойынша тұжырымдар ұсыну.

Зерттеудің міндеттеріне, мемлекеттік саясат, білім саласындағы саясат ұғымдарына теориялық талдау жасау және Қазақстан Республикасының білім саласындағы реформалық бағыттарына сараптамалық талдау жасау кіреді.

Зерттеудің әдістері ретінде, институционалды, тарихи, салыстырмалы талдау және жүйелі талдау тәсілдері алынды. Сонымен қатар, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау мақсатында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының [1] негізгі ережелері пайдаланылды.

Мақала теориялық тұрғыда, Бертран Расселдің білім беру философиясына негізделеді. Б. Рассел, ағартушылық идеяларға басты назар аударып, тұлғаның қалыптасуындағы білім беру және тәрбиенің рөлін ерекше негіздеген. Философ өз еңбектерінде, жеткіншектерді тәрбиелеуде қысымшылық көрсетуге болмайды және олар қорқыныш дегеннің не екенін білмей өсуі тиіс, деген ой қорытады [2] және оның идеялары, діни білім беру жүйесіне қарсы шыққан утопиялық социализм бағытының өкілдері Ш. Фурье және Р. Оуэндердің көзқарастарына негізделеді. Рассел, өзінің негізгі ойларын, педагогикалық теорияны талдауға және педагогика бағытындағы бюрократияның ықпалына, таптық ерекшеліктерге арнаған және білім беру жүйесін демократияландыруға бағытталған еңбектерінде баяндайды [3].

Сонымен қатар, мақаланың негізгі тұжырымдары, Ұлыбританиялық профессорлар Лес Белл және Говард Стивенсондардың, білім беру - бұл саяси мәселе деген пайымдауларына негізделеді. Ғалымдар ұсынған еңбекте, білім беру мекемелеріндегі үдеріс іргелі саяси мәселе болып табылады және білім беру жүйесі қоғамдағы жағдаймен, елдің саяси жүйесімен тікелей байланыста қарастырылады. Олар, мектеп басшылары мен мұғалімдерінің қызмет ортасы білім беру саясатымен қалыптасады. Саясат, өз кезегінде, кез келген уақытта үстем саяси идеологиялардан туындайды. Идеология мен саясаттың арақатынасы білім беруді жалпы ұйымдастыруды және мектеп қызметкерлерінің іс-тәжірибесі мен тәртібін қалыптастырады. Саясаттың табиғатын, оның саяси идеологиядағы көрінісін және саясаттың ұлттық, деңгейінде білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлін түсініп, ұтымды қолдана білу, білім беру мекемелерінің басшыларына саяси өзгерістерге сәйкес қызмет атқаруға көмектеседі, деген ұсыныстар жасайды [4].

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты теориялық тұрғыдан зерттеу, «Мемлекеттік саясатты» зерттеу бойынша жалпы әдістемелік тұжырымдама шеңберінде қарастырылады. Ол мемлекеттің, қоғамның дамуындағы ортақ мақсаттарды өз билігі шеңберінде жүзеге асыруды білдіреді. М. Коган, мемлекеттік саясаттың төрт негізгі құндылықтарын: білім беру, әлеуметтік, экономикалық және институционалдық түрінде жіктеп көрсетеді [5].

Мемлекеттік саясатты зерттеудегі маңызды тәсіл - институционалды тәсіл болып табылады. Бұл арқылы зерттеушілер, мемлекеттік институттарды, заңнамаға негізделген, процедуралар мен нұсқауларда көрініс тапқан, мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру үдерісіндегі негізгі қатысушылар ретінде айқындайды [6,738]

Зертеушілер, мемлекеттік саясатты - мемлекеттік билік органдарының, азаматтық қоғам институттарымен бірлесе отырып, қоғамның мақсаттары мен міндеттерін, басымдықтарын, принциптерін, стратегиялық бағдарламаларын және іс-шаралар жоспарларын әзірлеуі және жүзеге асыру, деген пікірлер ұсынады [7,71]. Яғни, мемлекеттік саясат - бұл мемлекеттік органдардың қоғамдық мәселелерді шешу, бүкіл қоғамды немесе оның жекелеген салаларын дамыту үшін жалпы маңызды мақсаттарға қол жеткізу және жүзеге асыру жөніндегі мақсатты қызметін білдіреді.

Теориялық талдау

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат - бұл мемлекеттік органдардың және мемлекеттің, білім беру жүйесінің дамуы саласындағы қызметі. Мемлекеттік саясаттың ең

айқындаушы факторы - білім сапасын қамтамасыз ету саясаты.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты төмендегідей принциптерге негізделеді:

- сапалы білім алуға тең құқықтың болуы;
- білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- әрбір адамның жеке ерекшеліктерінің ескеріле отырып, барлық деңгейдегі білімге қол жеткізуге мүмкіндігі;
- білім беру жүйесінің зайырлы, гуманистік сипаты, азаматтық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- адамның құқықтары мен бостандықтарына құрмет таныту;
- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі; оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;
- білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы [1].

Нәтижелер және талқылау

2010 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Болон декларациясына ресми түрде қосылып, Еуропалық жоғары білім беру аймағының 47-ші мүшесі және Еуропалық білім беру кеңістігінің толыққанды мүшесі болып танылған алғашқы Орталық Азия мемлекеті болды. Болон процесіне қосылғаннан кейін Қазақстанның Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды, атап айтқанда:

- Болон декларациясының қағидаттарына негізделген кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделіне көшу жүзеге асырылды: бакалавр - магистр - PhD докторы;
- жоғары оқу орындарының оқу процесіне оқытудың озық технологиялары мен жүйелері енгізілді. Модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Дублин дескрипторларына сәйкес жүзеге асырылады, ұлттық біліктілік шеңбері құрылды;
- студенттердің академиялық ұтқырлығы барысында кредиттік бірліктерді қайта есептеу негізіне ECTS (European Credit Transfer System) қабылданды;
- ҚР ҒЖБМ, ПОҚ мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қаражат бөледі, Жоғары оқу орындарының өздері академиялық ұтқырлыққа қаражат бөледі.
- сапаны қамтамасыз етуде Еуропалық ынтымақтастықтың талаптарына сәйкес келу үшін ҚР ҒЖБМ салыстырмалы межелері мен әдіснамаларын әзірлеу мақсатында аккредиттеу агенттіктерінің ұлттық тізілімі құрылды;
- білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында университеттерге академиялық дербестік берілді. Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге көшті;
- Қазақстанда сапаны қамтамасыз ету бойынша еуропалық стандарттар (ESG) енгізілуде. Жоғары білімнің ұлттық біліктілік шеңбері Еуропалық біліктілік шеңберімен өзін-өзі аттестаттау рәсімінен сәтті өтті. Осы жұмыстың нәтижесінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының Еуропадағы дипломдарын тануды қамтамасыз етуге қол жеткізілді;
- институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу стандарттарына сәйкес білім беру сапасын қамтамасыз етудің ЖОО - ішілік жүйелерін енгізу және білім алушылар мен жұмыс берушілерді ЖОО қызметін сыртқы бағалауға тарту жүзеге асырылды;
- ҚР барлық жоғары оқу орындарында ISO 9001 сәйкес сапа саласындағы саясат әзірленді, сондай-ақ «Русский регистр» және IQNet сертификаттары алынды. Сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қызметтері құрылды, еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі құжаттар

әзірленді.

Білім беру жүйесі үнемі түзетіліп, жаңартылып отыр. Білім беру сапасының проблемасы Қазақстандық білім беру жүйесін қазіргі заманғы реформалау мен жаңғыртудың жаһандық проблемаларының бірі болып табылады. ЖОО-лар өз түлектеріне ғылым жетістіктерін ескере отырып, білімді, кәсіптік іскерлікті, дағдылар мен құзыреттілікті тиімді толықтыру және жаңарту қабілетін көздейтін сапалы білім беруге, ал өзінің білім беру қызметін ұйымдастыруда жұмыс берушілердің, мемлекеттің, қоғамның, білім алушылардың өздері мен олардың ата-аналарының талаптарын ескеруге міндетті. Қазақстан Орталық Азия елдері арасында алғашқылардың бірі болып оқу процесіне өндірістен практикалық қызметкерлерді тартуға кірісті. Осылайша, білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін әзірлеу қазіргі білім беру қызметтері нарығында жоғары оқу орындарының жұмыс істеуі мен дамуының қажетті шарты болып табылады.

Қорытындылар

Сонымен қатар, білім беру сапасына ықпал ететін проблемалық аспектілерді де ерекшелеу арқылы, авторлар төмендегідей тұжырымдар мен ұсыныстар жасайды:

1. Білім беру сапасын қамтамасыз етудегі маңызды мәселе- оқуға қабылдау рәсімінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету. Еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің проблемасы, бір академиялық кезең аяқталғаннан кейін Ресей Федерациясының жекешеленген жоғары оқу орындарынан білім алушыларды ҚР жоғары оқу орындарына жаппай қабылдау болып табылады. Яғни, бакалавриатқа қабылданған білім алушылар ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамастан, оқуға қабылданады, ал магистратураға қажетті емтихандар тапсырмастан, ауысу арқылы қабылданады. Бұл тұрғыда білім сапасы туралы мәселе бірінші орынға шығады, өйткені бұл жағдайда білім алушылардың саны, сападан басым болады.

2. Инновациялық әдістерді енгізу, әдістемелік көмек көрсету, үздік идеялар мен тәжірибелерді тарату мәселелері кейбір жағдайларда декларативті сипатта. Әдістемелік жұмыс саласында инновациялық, зерттеу және болжау қызметін жүргізу мәселесінде оқытушылардың белсенділігін арттыру маңызды бағыт. Оқу-әдістемелік қызметін атқару барысында, университеттердегі оқу-әдістемелік бөлімдер негізінен бақылау-қадағалау функциясын орындауы да жиі кездеседі. Ал, әдістемелік бірлестіктердің жұмысы барлық педагогикалық кадрлар іс-шараларға белсенді қатысып, қажетті әдістемелік және кеңес түріндегі көмек алатындай етіп құрылуы тиіс.

3. Әлемдік тәжірибеге сәйкес ҚР барлық жоғары оқу орындарында жеке білім беру траекториясын қалыптастыру кезінде, білім алушылардың тәлімгері болып табылатын эдвайзер функциясы енгізілді. Сондай-ақ, ҚР жоғары оқу орындарында кураторлық институт табысты жұмыс істейді. Алайда, жас оқытушыларға қатысты тәлімгерлік мәселесі нақтылауды талап етеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен, тәлімгерлікті ұйымдастыру Қағидалары және орта білім беру үшін тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар бекітілді. Алайда, жоғары білім беру жүйесі үшін тәлімгерлік тетігі заңнамалық және институционалдық тұрғыдан әзірленбеген. Сондықтан, ЖОО жас оқытушылардың қызметін сапалы ұйымдастыруға және оқу сабағын өткізуге дайындау бойынша жұмыстар кешенін жүргізу қажет. Тәлімгердің қызметі жас оқытушының педагогикалық қызметіне тұрақты мотивацияны қолдауға, сондай-ақ жаңа білімді, дағдылар мен құзыреттерді бекітуге қолдау көрсетуге бағытталуы керек. Осыған байланысты Беларусь Республикасының тәжірибесі назарға алатын бағыт, онда жоғары оқу орындарының оқытушыларының кәсіби құзыреттерін арттыру мақсатында, жоғары оқу орнынан кейінгі психологиялық-педагогикалық қайта даярлаудың арнайы факультеттері құрылған [8]. Қазақстан Республикасында тәлімгерлік институт орта мектептерде енгізілген және бұл

ақылы қызмет түрі болып табылады.

5. Жетекші шетелдік және отандық жоғары оқу орындарының тәжірибесіне талдау жасау арқылы, білім жүйесінің жетістігі негізінен оқытушылардың оқу қызметінің сапасына байланысты екенін көрсетеді. Оқу сабақтарын өткізу сапасын арттырудың тиімді тетіктерінің бірі, ПОҚ сабақтарына өзара қатысу болып табылады. Алайда, еліміздің жоғары оқу орындарында оқытушылардың оқу сабақтарына өзара қатысуға, оқу сабағының барысын талдауға және қатысатын оқытушының педагогикалық шеберлігін бағалауға, оқу сабақтарына өзара қатысу туралы пікірлер жазуға формальды көзқарасы жиі байқалады. Негізгі себеп - оқытушылардың шамадан тыс аудиториялық және қағаз жүктемесі. Жетекші шетелдік университеттердегі оқытушылардың аудиториялық жүктемесі қазақстандық жоғары оқу орындарына қарағанда едәуір төмен: зерттеу университеттерінде (research universities) жылына 100-200 сағат және студенттерді оқытуға бағытталған университеттерде (teaching universities) жылына 300-400 сағат. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарында сағаттарды бөлу кезінде оқытушының семестр ішінде екі пәннен артық болмауына назар аударылады, ал сабақтарға дайындық, білім алушылардың СӨЖ тексеру, кеңес беру, ғылыми-зерттеу жұмысы және басқа да міндеттер университеттегі жұмыстың толыққанды бөлігі болып саналады [9].

Алайда, ҚР жоғары оқу орындарында оқытушылар үшін оқу жүктемесінің бұл түрлері аудиториялық сағатқа қосымша болып табылады. Мұндай жүктеме кезінде мұғалімде кәсіби өсу, педагогикалық шеберлікті арттыру, оқу процесін ұйымдастырудың прогрессивті формаларын меңгеру және тарату, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін енгізу мақсатында тәжірибе алмасуға күш пен уақыт қалмайды. Сондай-ақ, профессорлық-оқытушылық құрамның өзара сабаққа қатысуының формальды сипатын түсіндіретін себептердің бірі - бұл қызмет түрі оқытушының оқу жүктемесіне кірмеуіне байланысты, сонымен қатар, өзара сабаққа қатысу, толыққанды кері байланыс орнатып, сапалы пікір жазу үшін белгілі бір уақыт ресурстарын қажет етеді. Шамадан тыс аудиториялық жүктемелері көп оқытушыларға бұл қиындық туғызады. Білім беру сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі сабақтарға өзара қатысу нәтижелерін мұқият талдауға, оларды сапа контекстінде қарауға, шаралар қабылдауға және ПОҚ-ның өзара қатысуына мониторинг жүргізуге кепілдік беруі тиіс. ПОҚ өзара қарым-қатынас жасау кезінде формальды тәсілді болдырмаудың бір әдісі американдық тәжірибені негізге алу, онда тұрақты келісімшартқа үміткер оқытушыны жылына 1 рет сарапшы әріптесі бағалайды. Сарапшы әріптес бірнеше сабақтарға қатысады, олардың нәтижелері алқалы түрде талқыланады. Кейіннен сарапшының жазбаша есебі оқытушының портфолиосына енгізіледі [10].

6. Білім беру сапасы, ең алдымен, оқытушылардың кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Білім туралы Заңның 45-бабына сәйкес, ПОҚ жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қазақстанның жоғары оқу орындары осы талапты ұстанады және әр 5 жыл немесе 3 жыл сайын оқытушылар арасында конкурс өткізеді. ЮНЕСКО-ның ұсынымдарына сәйкес білім беру, оқыту және зерттеу қызметіне құқық тек жоғары білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігі мен автономиясы жағдайында ғана толық көлемде жүзеге асырылуы мүмкін. ҚР жоғары білім беру жүйесінде бұл талаптар мүлтіксіз орындалады. Дегенмен, ЖОО оқытушыларының кәсіби қасиеттеріне, білімдеріне, құзыреттеріне қойылатын талаптар, университеттердің әрқайсысының даму стратегиясына сәйкес нақты айқындалуы және жазылуы тиіс. Білім туралы заңның 43 бабына сәйкес, әрбір университет өз оқытушыларының біліктілігін дербес айқындайды және қажетті құжат әзірлейді. Дегенмен, көп жағдайларда бұл біліктілік талаптарында, нақты оқытушының құзыреттілігі толық айқындалмай, тек қана, жоғарғы немесе Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, 3-немесе 5 жылдық еңбек өтілі түріндегі сияқты жалпы талаптарды ғана қамтиды. Осыған байланысты, ПОҚ-ның қойылатын талаптарға сәйкестігін растау мақсатында олардың кәсіби қызметінің нәтижелерін бағалау арқылы

аттестаттау рәсімін енгізген жөн. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес, мектеп мұғалімдерін аттестаттау рәсімі толық заңнамада қарастырылған, ал ЖОО оқытушыларын аттестаттау процедуралары жоқ. Сондықтан, кадрларды аттестаттау рәсімін өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігін болдырмау үшін нақты нормалар мен ережелерді, ашық рәсімдерді әзірлеу қажет. Білім саласындағы уәкілетті органның жоғары оқу орындарының ПОҚ аттестаттау рәсіміне қатысуы заң жүзінде регламенттелуге тиіс.

Сондай-ақ, оқытудың сапасын арттырудың бір жолы-оқытушылардың осы пәнді оқытуға жеткілікті құзыреттілікке ие болуына кепілдік беретін оқытушының қызметін сертификаттау. Сертификаттау процесінде өмір бойы оқыту тұжырымдамасының талаптарын ескеру қажет, өйткені Төртінші өнеркәсіптік революцияға байланысты әлемдік еңбек нарығының негізгі проблемаларының бірі «дағдылардың тез ескіруі» болып табылады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның нәтижелерін, оқулықтар, элективті курстар бағдарламаларын дайындауда пайдалану мүмкіндігінен туындайды. Қазақстан Республикасында білім беру саласын жетілдіру бойынша теориялық ережелерді, диплом жұмыстары мен магистрлік диссертацияларда пайдалану мүмкіндігіне негізделеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Russell B. Education and the Social Order. London: Unwin, 1967, 150 p.
3. Russell B. On Education: Especially in Early Childhood. London: George Allen & Unwin, 1973, 254p
4. Bell, L., & Stevenson, H. Towards an analysis of the policies that shape public education: Setting the context for school leadership. // Management in Education, 2015, 29(4), pp. 146-150. <https://doi.org/10.1177/0892020614555593>
5. Kogan, M. Educational policy-making: A study on interest groups and parliament. London: George Allen and Unwin Ltd, 1975 https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=1X1aDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PT10&ots=BWYtqkLMP&sig=0qDkgnNPjpfzRNZymYKPCY0Q64&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false
6. March J.G., Olsen J.P. The New Institutionalism: Organizational Factors in Political Life // American Political Science Review. 1984. Vol. 78. P. 734-749.
7. Lasswell H. D. Power and Society/ H. D. Laswell, A. Kaplan-New Haven: Yale University Press, 1970. 561 p.
8. Организация учебно-воспитательной работы преподавателя вуза: Учебно-методическое пособие начинающему преподавателю / Г.А. Матин, А.С. Федоренчик, Л.И. Шумская. Минск. БГТУ, 2004, 138с.
9. Тугускина Г.Н. Анализ условий труда научно-педагогических кадров в вузе // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Экономические науки, 2017, №1 (5), URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-usloviy-truda-nauchno-pedagogicheskikh-kadrov-v-vuze> (дата обращения: 9.12.2023).
10. Барабашева И. Взаимопосещение занятий в российских и зарубежных вузах // В мире научных открытий, 2013, № 7.2 (43), С. 165-175.

References liste:

1. Bilim turaly Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319 Zany. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Russell B. Education and the Social Order. London: Unwin, 1967, 150 p.
3. Russell B. On Education: Especially in Early Childhood. London: George Allen & Unwin, 1973, 254p

4. Bell, L., & Stevenson, H. Towards an analysis of the policies that shape public education: Setting the context for school leadership. // Management in Education, 2015, 29(4), pp. 146-150. <https://doi.org/10.1177/0892020614555593>

5. Kogan, M. Educational policy-making: A study on interest groups and parliament. London: George Allen and Unwin Ltd, 1975
https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=1X1aDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PT10&ots=BWYtqkLMPr&sig=0q-DkgnNPjpfzRNZymYKpcY0Q64&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false

6. March J.G., Olsen J.P. The New Institutionalism: Organizational Factors in Political Life //

American Political Science Review. 1984. Vol. 78. P. 734-749.

7. Lasswell H. D. Power and Society/ H. D. Laswell, A. Kaplan-New Haven: Yale University Press, 1970, 561 p.

8. Organizaciya uchebno-vospitatel'noj raboty prepodavatelya vuza: Uchebno-metodicheskoe posobie nachinayushchemu prepodavatelyu / G.A. Matin, A.C. Fedorenchik, L.I. SHumskaya.

Minsk. BGTU, 2004, 138s.

9. Tuguskina G.N. Analiz usloviy truda nauchno-pedagogicheskikh kadrov v vuze // Izvestiya vysshih uchebnyh zavedenij. Povolzhskij region. Ekonomicheskie nauki, 2017, №1 (5), URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-usloviy-truda-nauchno-pedagogicheskikh-kadrov-v-vuze> (data obrashcheniya: 9.12.2023)

10. Barabasheva I. Vzaimoposeshchenie zanyatij v rossijskikh i zarubezhnyh vuzah // V mire nauchnyh otkrytij, 2013, № 7.2 (43), S. 165-175.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Сабырхан Айжан Ибрагимқызы - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Саясаттану» білім беру бағдарламасының магистранты, Sabyrkhan.aizhan@mail.ru; 7-705-489-97-48

МРНТИ:13.11.46

<https://orcid.org/0009-0005-7517-4835>

<https://orcid.org/0009-0005-4911-2673>

Жамелов Б.А.*, Зулпыхар Г.Б.

магистр, преподаватель ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистр, преподаватель ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

АНАЛИЗ ИЗМЕНЕНИЙ МЕНТАЛИТЕТА КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ

Автор-корреспондент: zhamelov1989@mail.ru

Аннотация: Данная статья представляет анализ изменений в менталитете Казахского общества, произошедших в период после получения страной независимости в 1991 году. Автор проводит исследование с помощью методов социологии и политологии, основываясь на обзоре научных статей, анализе данных опросов общественного мнения и исторических материалов. В статье рассматриваются изменения в ценностях, традициях и культуре Казахского общества, а также восприятие национальной идентичности и роли государства в жизни граждан. Автор приходит к выводу, что период независимости оказал существенное влияние на менталитет Казахского общества, приведя к изменению отношения к традициям, образу жизни и политической ситуации в стране. Эта статья имеет важное значение для понимания исторического и культурного контекста Казахстана, а также для разработки эффективных стратегий развития общества и поддержки национальной идентичности в современных условиях.

Ключевые слова: нормы, ценности, обычаи, культура, общество, социокультура, менталитет.

ГТАХР:13.11.46

<https://orcid.org/0009-0005-7517-4835>

<https://orcid.org/0009-0005-4911-2673>

Жамелов Б.А.*, Зулпыхар Г.Б.

магистр, оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Казахстан

магистр, оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Казахстан

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕНТАЛИТЕТТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТАЛДАУ.

Автор-корреспондент: zhamelov1989@mail.ru

Түйін: Бұл мақала 1991 жылы ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде болған Қазақстандық қоғамның менталитетіндегі өзгерістерге талдау ұсынады. Автор зерттеуді әлеуметтану және саясаттану ғылымдарының әдістері арқылы ғылыми мақалаларға шолу, сауалнама деректері мен тарихи материалдарды талдау негізінде жүргізеді. Мақалада Қазақстандық қоғамның құндылықтарындағы, дәстүрлері мен мәдениетіндегі өзгерістер, сондай-ақ азаматтардың өміріндегі ұлттық бірегейлік пен мемлекеттің рөлін қабылдау қарастырылады. Автор тәуелсіздік кезеңі қазақстандық қоғамның менталитетіне елеулі әсер етіп, елдегі дәстүрлерге, өмір салтына және саяси жағдайға деген көзқарастың өзгеруіне алып келді деген қорытындыға келеді. Бұл мақала Қазақстанның тарихи және мәдени мән-мәтінін түсіну үшін, сондай-ақ қазіргі жағдайда қоғамды дамытудың және ұлттық бірегейлікті қолдаудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін маңызды мәнге ие.

Кілт сөздер: нормалар, құндылықтар, әдет-ғұрыптар, мәдениет, қоғам, әлеуметтік-мәдени, менталитет

Zhamelov B.A. *, Zulpikhar G.B.

master's degree, lecturer at M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

master's degree, lecturer at M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

ANALYSIS OF CHANGES IN MENTALITY KAZAKH SOCIETY DURING THE PERIOD OF INDEPENDENCE

Автор-корреспондент: zhamelov1989@mail.ru

Abstract: This article presents an analysis of the changes in the mentality of Kazakh society that occurred in the period after the country gained independence in 1991. The author conducts research using the methods of sociology and political science, based on a review of scientific articles, analysis of public opinion polls and historical materials. The article examines changes in the values, traditions and culture of Kazakh society, as well as the perception of national identity and the role of the state in the lives of citizens. The author comes to the conclusion that the period of independence had a significant impact on the mentality of Kazakh society, leading to a change in attitude to traditions, lifestyle and political situation in the country. This article is important for understanding the historical and cultural context of Kazakhstan, as well as for developing effective strategies for the development of society and support of national identity in modern conditions.

Keywords: norms, values, customs, culture, society, sociocultural, mentality.

Введение

Казахстан - это государство с богатой историей и культурой, которая претерпела значительные изменения в период независимости. В течение почти трех десятилетий с момента обретения независимости, Казахстан *пережил значительные экономические, социальные и политические изменения*, которые оказали влияние на менталитет казахстанского общества. На смену социалистическому способу производства, пришла рыночная экономика. В начале было тяжело, но постепенно казахстанцы начали осваиваться. Появились частные предприниматели, коммерсанты, бизнесмены, стали нормально воспринимать частную собственность на средства производства. В социальном отношении на смену двум дружеским социальным классам (рабочий класс и колхозное крестьянство), появились три социальных класса: высший, средний и низший социальный класс. В политическом отношении на смену однопартийной системе пришла многопартийная система. Эти изменения повлияли на ментальность и национальную идентичность казахстанского общества.

Цель данного исследования - сделать выводы о том, какие факторы способствовали изменениям в менталитете казахстанского общества и какие последствия они принесли. Проанализировать изменения в менталитете Казахского общества в период независимости. Для этого мы будем рассматривать различные аспекты менталитета, такие как социальные и культурные изменения, роль молодежи в этих изменениях, а также влияние политических реформ на менталитет граждан Казахстана. Надеюсь, что данное исследование будет полезно для понимания изменений, произошедших в менталитете Казахского общества в период независимости и их влияния на жизнь людей в этой стране.

В процессе изучения данной темы, перед исследовательской группой были поставлены следующие задачи:

1. Изучить историю Казахстана в период независимости и выявить основные этапы его развития, которые оказали влияние на менталитет Казахского общества.

2. Рассмотреть социальные и культурные изменения, произошедшие в казахстанском обществе в период независимости, и оценить их влияние на менталитет граждан.

3. Проанализировать роль молодежи в изменениях менталитета Казахстанского общества и определить, какие факторы способствовали изменению мировоззрения и ценностей молодежи.

4. Изучить влияние политических реформ на менталитет Казахстанского общества и оценить их влияние на жизнь граждан.

5. Сделать выводы о том, какие факторы оказали наибольшее влияние на изменения в менталитете Казахстанского общества в период независимости и какие последствия они принесли.

6. Подтвердить наши выводы на основе результатов исследований, анализа данных статистики и цитат из публикаций и статей.

Выполнение поставленных задач позволит достичь поставленной цели и более глубоко понять изменения, произошедшие в менталитете казахстанского общества в период независимости и их влияние на жизнь людей в этой стране.

Материалы и методы

1. Литературные источники, в том числе научные статьи, монографии, книги и другие издания, посвященные истории, культуре и социальной сфере Казахстана.

2. Данные статистики, предоставленные государственными органами и агентствами, такие как Национальный статистический комитет, Министерство образования и науки, Министерство здравоохранения и другие [1, стр 5].

3. Интервью с представителями различных слоев казахстанского общества, включая молодежь, старшее поколение, представителей различных социальных групп. Анализ средств массовой информации, в том числе статей в газетах и журналах, репортажей, интервью и других материалов, посвященных изменениям в менталитете Казахстанского общества.

4. В качестве методов исследования, не нужно, нужно автор, исследовательская группа, использовали методы анализа, сравнительного анализа, синтеза, индукции и дедукции, а также метод интервью и опроса. Также провели сравнительный анализ данных исследований, проведенных другими учеными в области истории и социологии Казахстана.

Историографический обзор

В современной научной литературе выделяются различные подходы к изучению менталитета и социокультурных изменений в Казахстане в период независимости. Один из таких подходов - это антропологический подход, который позволяет изучать культурные и социальные феномены через призму поведенческих норм, ценностей и обычаев людей.

Одним из ключевых исследователей, посвятивших свои работы проблемам менталитета Казахстанского общества, является социолог Шералин Мукашев. В своих исследованиях Мукашев подчеркивает важность изучения культурных особенностей казахского народа и их влияния на общественные процессы в Казахстане [2,9].

В теоретической части работы мы также обратили внимание на работы других ученых, которые рассматривают социокультурные изменения в Казахстане, таких как Калдыбаев Бакыт [1,5], Кабдулова Бибигуль [2,9], Имашева Гульмира [3,10]. Они затрагивают различные аспекты, такие как изменения в менталитете казахстанцев, роль государства в формировании культуры, социально-экономические факторы, влияющие на культурные трансформации и др.

Теоретическая часть

История Казахстана как независимого государства является достаточно молодой, однако за это время произошли значительные изменения в различных аспектах жизни общества, включая менталитет и культуру.

Анализ изменения менталитета Казахстанского общества в период независимости проявляется в различных аспектах жизни населения, таких как политическая и социальная сферы, экономика, образование и культура.

В политической сфере были проведены значительные изменения, которые повлияли на менталитет Казахстанцев. Одним из таких изменений было переход от тоталитарной системы к демократической форме правления. Это привело к изменению мышления и поведения людей, в том числе к появлению новых ценностей и требований к государству.

В социальной сфере изменения также произошли. В условиях рыночной экономики люди стали более конкурентоспособными и мобильными. Это привело к появлению новых форм поведения и мышления, таких как предпринимательство, индивидуализм и активность. Однако это также привело к неравенству в обществе, что оказало влияние на менталитет Казахстанцев [3,10].

Экономические изменения в период независимости также повлияли на менталитет общества. Рыночные отношения привели к появлению новых потребностей и ценностей. Люди стали более материалистичными и ориентированными на успех в бизнесе. Однако это также привело к неравенству в обществе и ухудшению социальной защищенности.

В образовательной сфере также произошли изменения. Появилось больше возможностей для обучения за границей, что привело к появлению новых знаний и ценностей. Однако это также привело к неравенству в доступе к образованию и оказало влияние на менталитет казахстанцев. Культурные изменения в период независимости также являются важным аспектом анализа изменения менталитета общества. Казахстан является многонациональной страной, что приводит к смешению культур и созданию новых традиций. Это привело к появлению новых ценностей, обычаев и поведению.

Результаты и обсуждение

Важным фактором в изменении менталитета казахстанского общества является воздействие глобализации и развитие информационных технологий. Быстрое распространение новых технологий и доступность информации в Интернете привели к тому, что казахстанцы стали более информированными, образованными и открытыми к миру. Это в свою очередь повлияло на их взгляды, ценности и образ жизни.

Одним из проявлений этих изменений является рост интереса к различным культурам и языкам, что отражается в увеличении числа людей, изучающих иностранные языки и культуры. Кроме того, казахстанцы стали более толерантными к другим культурам и общественным группам, что важно для развития мульти-культурной общественной жизни.

Однако, несмотря на положительные изменения, некоторые аспекты менталитета казахстанского общества продолжают оставаться консервативными. Кроме того, сохраняются традиционные роли мужчин и женщин в обществе, что может приводить к дискриминации женщин и ограничениям в их развитии.

Глобализация и развитие информационных технологий играют важную роль в этом процессе, однако сохранение некоторых консервативных аспектов менталитета указывает на необходимость более глубокого и комплексного изучения данной проблематики.

Заключение

В заключении можно отметить, что изучение изменений в менталитете Казахстанского общества в период независимости является важной и актуальной задачей для современной науки. Различные теоретические подходы, такие как антропологический

подход, позволяют получить более полное понимание культурных и социальных процессов в Казахстане. Кроме того, исследования ученых, таких как Шералин Мукашев, Калдыбаев Бакыт, Кабдулова Бибигульи Имашева Гульмира, являются ценным вкладом в изучение данной проблематики.

Приведу несколько цитат, отражающих важность изучения менталитета и социокультурных изменений в Казахстане:

«Изучение менталитета Казахстанского общества является ключевым фактором для понимания культурных и социальных изменений в период независимости» (Шералин Мукашев)

«Культурные трансформации в Казахстане являются многоаспектным явлением, которое определяется как внутренними, так и внешними факторами» (Бибигуль Кабдулова)

«Менталитет казахстанского общества меняется под воздействием различных социально-экономических факторов, таких как модернизация, глобализация, миграция и др». (Гульмира Имашева)

XXI век становится для казахов временем ценностей либерального характера, основанных на рыночной экономике, информационных и цифровых технологий. Не менее важно и то, что защита независимости напрямую связана с поведением нынешнего поколения, уровнем мотивации и качеством профессий. Известно, что этот век внес свои изменения в казахский менталитет.

В частности, казахский народ сумел овладеть тонкостями рыночной экономики, ее механизмами и методами. Их деловая, профессиональная активность возросла. Овладев такими рыночными экономическими понятиями, как: «прибыль», «богатство», «доход», «деньги», «обмен», «предложение», «спрос», «интерес», «эффективность», как общая экономическая свобода, предпринимательство конкурентноспособность и т.д. Соответственно повысился прагматический характер менталитета нации, укрепились ее экономические позиции.

Выводы и заключение

Таким образом, изучение изменений в менталитете Казахстанского общества в период независимости является важным направлением научных исследований, так как оно позволяет лучше понимать социокультурные процессы, происходящие в современном Казахстане. Антропологический подход к изучению культуры и поведенческих норм людей является наиболее эффективным в этом контексте, так как он позволяет рассматривать менталитет как комплекс социальных явлений, включающий в себя обычаи, традиции, ценности, мировоззрение и многое другое.

В настоящее время многие исследователи продолжают работу в этой области, а их исследования позволяют получать более глубокое понимание социокультурных процессов, происходящих в Казахстане. Однако, несмотря на достигнутые результаты, все еще остается много проблем, которые требуют дальнейшего изучения.

Изучение изменений в менталитете Казахстанского общества является важным направлением научных исследований в современном Казахстане. С использованием антропологического подхода исследователи могут получать более глубокое понимание социокультурных процессов, происходящих в обществе, а также лучше понимать взаимосвязь между культурой, менталитетом и общественными изменениями.

Однако, необходимо отметить, что изучение менталитета и социокультурных изменений является сложным и многогранным процессом, требующим использования различных теоретических подходов и методов исследования. Также важно учитывать контекстуальные особенности изучаемого общества и не ограничиваться лишь теоретическими аспектами, но учитывать практические последствия изучения менталитета и культуры для развития Казахстана как независимого государства.

Список литературы:

1. Мукашев Ш.А. Культурная идентичность как фактор модернизации общества (на примере Республики Казахстан) / Ш.А.Мукашев // Вестник КазНУ. 2007. № 2 (35). С.204-208.
2. Калдыбаев Б.Б. Трансформация менталитета казахстанцев в условиях глобализации / Б.Б. Калдыбаев // Вестник КазНУ. 2014. № 3 (78). С.227-231.
3. Кабдулова Б.С. Влияние государственной политики на культурные трансформации в Казахстане / Б.С.Кабдулова // Современные тенденции развития науки и технологии: материалы Международной научной конференции (г.Астана, 11-12 октября 2018 г.). Астана, 2018. С.70-72.

References liste:

1. Mukashev Sh.A. Cultural identity as a factor of modernization of society (on the example of the Republic of Kazakhstan) / Sh.A.Mukashev // Bulletin of KazNU. 2007. № 2 (35). Pp. 204-208.
2. Kaldybaev B.B. Transformation of the mentality of Kazakhstanis in the conditions of globalization / B.B. Kaldybaev // Vestnik Treasury. 2014. № 3 (78). Pp. 227-231.
3. Kabdulova B.S. Influence of state policy on cultural transformations in Kazakhstan / B.S. Kabdulova // Modern trends in the development of science and technology: Materials of the International Scientific Conference (Astana, October 11-12, 2018). Astana, 2018.pp. 70-72.

Сведения об авторе, ответственном за переписку (место работы, номер телефона, электронная почта) **Жамелов Бауыржан Алтаевич** - преподаватель кафедры «Политиология», 8-775-35-48-33-03 zhamelov1989@mail.ru

**ТҰЛҒАТАНУ
ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ
PERSONAL COGNITION**

FTAXP: 17.82.94

<https://orcid.org/0000-0875-2454-198X>

Бибулова М.*

филология магистрі, «Абайтану» Ғылыми орталығының аға оқытушысы,
М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан.

**ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ АДАМГЕРШЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕ
АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ**

*Автор-корреспондент: bibulova79@bk.ru

Түйін: Бұл мақалада Абайдың Толық адам тұжырымына кіретін таным - түсініктер зерделенеді. Ғасырлар бойы қалыптасып, ұлттық санада қордаланған ой - пікірлердің бүгінгі қоғамдағы әлгінде кескінді адамды тәрбиелеудегі мәні айтылады. Адамзаттық құндылықтарды негіз қылып таудай, ұлттық кодқа айналдырылған тұжырымдар ежелгі және орта заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тауып, кейіндегі Сақ шығармаларында жаңа сипатқа айналғандығы айтулы. Абайдың Толық адамы Алланы сүйген, кісіні құрметтеген, адамдық қасиеттерді дәріптеген, арамдық пен жақсылықтың шегін айыра білетін, жомарттыққа жаны іңкәр, жүрегінің үніне құлақ түретін, әділетті жақтаған, жасанды - өсектен алыс, еңбекшіл, елін сүйетін отаншыл, жетілген қаумет. Жетілуді зерттеушілер қоғамда жалған сүріп жатқан адамдардың қайырымдылығын айтады. Рақымдылық пендеде рдың арланғыш, ілтипатты, мейірімді, жанашыр, әділетшіл болуынан түзіледі. Ғұлама ғалымдар Аристотель, Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А.Игүнеки еңбектерінде рақымды кісілер - мемлекет мүддесін алға қоятын, кісі тағдырына бейжай қарай алмайтын, ақиқатты танып біле алатын, тура ойлап, түзу байлау шығара алатын зерделі жандар. Толық адам моделінің табиғатын ашу, жетілген кісінің дүниетанымындағы тереңдікті әр кезеңдегі рухани мұралардан тіміскілеу, оларды этнос болмысымен, әдемілік әлемімен, астарлы дүниетанымдық мәнімен байлау ныстыра іздестіру антропоцентризмнің күре мәселелеріне жатады. Толық адам бейнесін жасайтын образды сөздер мен фразеологизмдер, мақал - мәтелдер, афоризмдер модельдеудің уәжі мен нысаны санатында бағаланады. Сақ дүниетанымындағы құндылықтар толық адамның зерделі әрекеттерімен байланыстырыла қарастырылып, оның бұлақ көздері ретінде тарихи мұралар алынады. Тарихи мұраларға бұрынғы түрік ескерткіштері, орта ғасыр түрік мұралары әрі жыршы - жыраулардың толғаулары, би - шешендердің сөзі жатады.

Кілт сөздер: Абай, толық адам, жетілген тұлға, ұлттық дүниетаным, антропоэксцентрилік, тарихи сана

MPHTI: 17.82.94

<https://orcid.org/0000-0875-2454-198X>

Бибулова М.*

магистр филологии, старший преподаватель Научного центра «Абайтану».
ЮКУ им.М.Ауезова. Шымкент.Қазақстан

**УЧЕНИЕ «ЦЕЛОСТНЫЙ ЧЕЛОВЕК» АБАЯ В ДУХОВНОМ
ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

Аннотация: В данной статье рассматриваются знания и понятия, входящие в концепцию Абая «Целостный человек». Обсуждается значение мыслей и мнений, формировавшихся веками и хранящихся в национальном сознании, в воспитании всесторонне развитой личности в современном обществе. Стоит отметить, что концепции, превращенные в национальный код, основанный на общечеловеческих ценностях, нашли отражение в трудах античных и средневековых мыслителей и стали новой чертой в более поздних произведениях Сака.

Совершенный Человек Абая - это человек, любящий Бога, уважающий людей, прославляющий человеческие качества, умеющий различать хорошее и плохое, щедрый, прислушивающийся к голосу своего сердца, стоящий за справедливость, далекий от фальшивых сплетен, трудолюбивый, патриотичный, зрелые люди, любящие свою страну. Исследователи зрелости указывают на доброжелательность людей в обществе. Милосердие достигается благодаря прощению, внимательности, доброте, состраданию и справедливости. Ученые Аристотель, Аль-Фараби, Ж.Баласагун, А. Люди, милосердные в своем деле, - это умные люди, которые ставят интересы государства на первое место, которые не могут быть безразличны к судьбам других, умеют распознавать истину, здраво мыслить и принимать правильные решения. Раскрытие природы целостной модели человека, извлечение глубины мировоззрения зрелого человека из духовного наследия каждого периода, поиск их в связи с сущностью этноса, миром красоты, глубинным смыслом мировоззрения относятся к проблемам антропоцентризма. В категории мотивации и формы моделирования оцениваются образные слова и фразеологизмы, пословицы, афоризмы, создающие целостный образ человека. Ценности в мировоззрении саков считаются связанными с разумными действиями целостного человека, а за их источник берется историческое наследие. Историческое наследие включает в себя старые турецкие памятники, турецкое наследие Средневековья и песни певцов, танцы и речи ораторов.

Ключевые слова: Абай, целостный человек, зрелая личность, национальное мировоззрение, антропогенность, историческое сознание

IRSTI: 17.82.94

<https://orcid.org/0000-0875-2454-198X>

Bibulova M.*

master of philology, senior lecturer of the Research Center «Abaytanu»,
M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

THE TEACHING OF ABAI'S «INTEGRAL MAN» IN THE SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION

***Correspondent author:** sattar.kazgurt@mail.ru

Introduction: This article examines the knowledge and concepts included in Abai's concept of the Whole Man. The value of thoughts and opinions, which have been formed for centuries and stored in the national consciousness, in the education of a well-rounded person in today's society is discussed. It is worth noting that the concepts, which were turned into a national code based on human values, were reflected in the works of ancient and medieval thinkers and became a new feature in the later works of Sak. The Complete Man of Abai is a person who loves God, respects people, glorifies human qualities, knows how to differentiate between good and bad, is generous, listens to the voice of his heart, stands for justice, is far from fake gossip, hardworking, patriotic, mature people who love their country. Maturity researchers point to the benevolence of people in society. Mercy is created by being forgiving, considerate, kind, compassionate, and just. Scholars Aristotle, Al-Farabi, Zh. Balasagun, A. People who are gracious in their work are intelligent people who put the interests of the state first, who cannot be indifferent to the fate of others, who can recognize the truth, think straight, and make straight decisions. Uncovering the nature of the complete human model, extracting the depth of the worldview of a mature person from the spiritual heritage of each period, searching for them in connection with the essence of the ethnic group, the world of beauty, and the underlying meaning of the worldview belong to the problems of anthropocentrism. Figurative words and phraseology, proverbs, aphorisms, which create a complete human image, are evaluated in the category of motivation and form of modeling. Values ??in the Saka worldview are considered to be connected with the intelligent actions of a complete person, and historical heritage is taken as its source. Historical heritage includes old Turkish monuments, Turkish heritage of the Middle Ages and songs of singers, dances and speech of orators.

Keywords: Abay, full man, mature personality, national worldview, anthropocentricity, historical consciousness

Кіріспе

Хәкім Абай адамзат баласының рухани жағынан кемеліне жетіп, жетілу жолында «толық адам» ұғымын адамшылық сатысының ең жоғары, биік шыңына қояды. Себебі, «толық адам» - Абайдың армандаған, мақсат еткен, аңсаған мұраттарының қол жетпес ең биік алапат асқар шыңы іспеттес. Абай адамдықтың биік мұнарасын иманмен теңестірген. Өзінің қара сөз, ғақлияларында «Толық мұсылман болмай - толық адам болмайды» деп дөп басып айтқан. Абайдың «толық адам» туралы ойы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінен бастау алатындығын әйгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абай және шығыс» деген еңбектерінде дәлелдеп, «толық адам» ілімінің негізін салғанын атап көрсетті. Өлеңдегі адамзат баласы асық болуға тиіс 5 асыл іс: талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым жүректен шығады. Өйткені Абайдың «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» деген өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, - деп, «толық адамның» жалпылама сипаты мен негізгі ұстанымын көрсетіп береді.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» тек қана өзіндік нәпсісімен шүбәсіз күресе білетін адамның ғана қолынан келеді. Осылай ол елден, жұрттан бөлек болып, толық адамның шыңына, яғни деңгейіне көтеріледі. Осы өлеңінен ақынның адамгершілік туралы ұстанымы бірден-бір қайрат, ақыл және жүректің бірлігіне негізделіп, «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деген сөздерменен тұжырымдалады.

«Толық адам» болу үшін қайрат, ақыл, жүрек - теңдей ұстаса, осы бір-бірінен өткен үш ерекшелік адамзат бойында ажырамас тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез бен адамдық болмыс қалыптасатындығы Абай шығармаларындағы басты негіз етіліп отырған өзегі болып табылады. Барлығымыз білетіндей қара сөздің қас шебері Абай атамыз қара сөздерінің ішіндегі ең қомақтысы отыз сегізінші қара сөзінде былай дейді: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек. Әуелі надандық, екіншісі - еріншектік, үшіншісі - залымдық». Бұл қара сөзіндегі түпкі мақсат адамзат баласының бойындағы рухани құндылықты төмендетіп, әлсірететін қасиеттерден алыс болу үшін жол көрсетіп, насихат жолдау.

Сол себепті де осы тұста Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті - ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген көзқарасы дәлме - дәл. Абай пайымдаған толық адам кім? ол қандай? Бәріміз білетіндей Абай «жүректі» жырлайды. Жалпылама қазақтың «жүрек» жайлы ұғымы «батыл, қайсар адам», «жүрегінің түгі бар жүректі адам» деген сөздермен ұштасатынын айта келіп, оған терең мағына үстеп, рақым, мейірімі-шапағаттың таптырмас бұлақ көзі деп философиялық тұрғыдан мән, мағына береді. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі алдыңғы орынға қояды. 17-ші қара сөзінде жүректі сөйлетіп: «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады...әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің барлығы менен шығады» деп сөйлетеді.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, -

Деп ғылымға зер сала отырып:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,

жылы жүрек, - деп сөзін қайыра, ой қорытады.

Бұл жердегі «ыстық», «жылы», «нұрлы» эпитеттеріне ақын үстемдігі терең мән, мағына берген. Мұндағы:

Ыстық қайрат дегеніміз - әрдайым ізденісті алдыға қойып, жақсылыққа ұмтылу;

Нұрлы ақыл дегеніміз - ізгілік жасау кезінде айналаңа шуақ беріп, Алла берген ақылды жақсы істерге жарату;

Жылы жүрек дегеніміз - имандылық жолында адам баласына құрмет, сыйластықпен

қарау; мейірім, шапағат сыйлау; адамдардың қайғы қасірет, мұң мұқтажын жалпы көңіл күйін түсіне білу.

Хәкім іздеген толық адам осындай қасиеттерден туатын талапшыл, еңбек сүйгіш, ізгілікті, мейірім шапағатшы, рахымды, қанағатшыл, тұла бойы тұнған ар менен ұят, намыс, пенделіктен толығымен қол үзген имандылық жолындағы адал әрі абзал азамат. Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең басты әрі негізгі моральді тұрғыдан принцип ретінде өзіндік поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде де әрдайым атап, сөз етіп отырды. Білім - ғылымды уағыздаған ағартушы ақын ақыл менен білімді аса жоғары бағалайды. Қандай дүние болмасын ақыл - ол таразы, дүниенің қыр-сырын танып біліп, меңгеруде ақылдың мүмкіндігі шексіз әрі мол деп санайды.

«Толық адам» негізі сопылық ілімнің адамгершілік тұрғысынан туындайтын «камили инсани» деп аталатын ар ілімімен ұштасып жатқан қасиетті рухани құбылыс болатын-ды. М.Әуезов «толық адам» терминін өзі жасаған алмағайып заманда бір жағынан сопылық хал ілімінен шығатын «камили инсани» яғни мағынасы кемелденген адам танымымен, Шәкәрім тілімен айтқанда, ар ғылымымен сабақтасатындығын, өзіндік қалай бар сол қалпында, яғни Абайдың өзі қолданған нұсқасымен атай алмады. Жалпы толық адам термині абайтану саласында 1963 жылдың бастау алып, ғылыми қолданысқа түсе бастады. М.Әуезов өзіндік ғылыми шығармашылық зерттеулерінде Абайдың адамгершілік мұраттарының негізіне айналған күрделі ұғым мен танымнан тұратын толық адам мәселесі елеусіз қалыпта көркемдік тәсілдермен беріліп отырады.

Бүгінгі уақыт, қоғам, сөздің шыны керек, адамдар арасындағы адамгершілік пен мейірбандықтың азайып бара жатқан кезі болып көрінеді. Ақша, дәулет, байлық билеп бара жатқан заманның соншалықты қатігезденіп бара жатқандығын қазіргі таңда көкірегі ояу әрбір адам баласы сезінеді. Әсіресе, эне міне деп кешеге дейін коммунистік идеологияның құрсауында болып, әб сәтте мол байлықты иеленіп шыға келген қоғамның бір бөлігі қазіргі уақытта өздерін жер бетіндегі құдай санайды десек артық емес. Ал ащы шындығы халықтың көптеген бөлігі қара сумен күн көріп, тақыр кедейленіп барады. Міне осыдан болар қоғамдағы қайшылықтардың туындап жатуы. Әрине осындай күрделі кезеңде Абай адамдар арасындағы мейірбандықты жырлайды. Жалпы адам «толық адам» болғанда ғана қоғамға шын пайдасын тигізеді. Адам баласы өзінің көздеген мақсатына адал болғанда ғана ақыл - ойы ештеңеге тәуелді әрі һәм қолы тұсаулы болмайды.

Тек қана тәуелсіз, еркін ой ғана кемел істерге жол бастайды. Толық адамға байлық пен дәулеттің, тіпті биліктің де қерегі болмайды. Дүниенің қызықтарын, нәпсіні, басқаны ұмытып, тек қана еліне, жеріне, халқына, ұлтына қызмет етуді басты орынға қояды ойлайды, ел игілігі жолында бар күш - жігерін салады. Оның ой-өрісінің биіктігі жоғарылап жәй адамдар көре алмайтын шынға шығып, жаңаша дүниелерді ұсына алады. Міне осы кезде толығымен осы істерді қоғамның жаңаруы деп айтуға болады.

Толық адам ілімінің тағы бір темірқазығы ретінде Абай айтқан үш сүю - иманигүлді ұсынғанымыз артық етпес. Мұның түпкі мән, мақсаты неде? Белгілі абайтанушы М.Мырзахметұлының ғылыми тұжырымына зер салып көрелік. Ғалымның айтуынша:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй Алланы жаннан тәтті, - деп, жаратушы түп иесін пендесінің махаббатпен сүюі қажет деуі - бірінші сүюі.

Екінші сүю - «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп».

Үшінші сүю - «Және сүй хақ жолы деп әділетті».

Әйгілі абайтанушы М.Әуезовтің өзі «Абайдың діні - адамгершіліктің, ақылдың діні» деп жанамалай айтқан. Бұл тұста, Абай ешқандай түсіндіруді қажет етпей, бірінші сүюдің негізгі мақсатын дәл әрі нақты айтып тұрған жоқ па?! Адамзатты махаббатпен жаратқан жаннан тәтті Алланы сен де сүй дейді. Себебі Алла - мұсылмандық жолға жетелуші, әрі хақ.

Абайдың екінші сүюі - «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» бұл сөздер бізге бірден бір анық дүниені, яғни бауырмашыл болуды мақсат етеді. Бәріміз білетіндей Қазақстан қазір көп ұлтты мемлекет, көп ұлттың өкілдері осы жерде туып-өсіп, нәр алып, өмір сүруін жалғастыруда. Сол себепті бұл Абайдың екінші сүюіндегі өрелі ұстаным бізден бастау алып тұрғанын көрсетеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күрделі кезеңдерінде еліміздің, халқымыздың ірге тасы шайқатылмай, берік шығуының өзі Абай ілімінің жасампаздығының белгісі деуіміз артықтық етпес.

Ал Абайдың үшінші сүюі - «Және сүй хақ жолы деп әділетті» деуі - адамдықты, әділдікті жақтаған ой-толғамының биіктігі. Абай жырлаған «жүрек жылуы» бірден бір осы әділет, шапағат, мейірім, адамдықтан бастау алады. Ақын өлеңдерінде, ғақлия қара сөздерінде жырланғын адамдық пен әділеттіліктің күрделі мәселелерінің барлығы «кемел адамға» қол жеткізу жолындағы алғышарттары болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақаланың зерттеу объектісіне сәйкес тарихи, әдеби - шығармашылық, құрылымдық сипаттамалық, герменевтикалық, психоаналитикалық, кешенді көркемдік талдау әдіс - тәсілдері ғылыми басшылыққа алынды.

Теориялық талдау

Абайдың «толық адам ілімін» шығыстық рухани даму жүйесімен сабақтастырсақ, дүниежүзілік ой-өркениетінің дамуымен жүйелі түрде синтез жасасақ жандандыруға болары сөзсіз. Ол үшін ең бастысы әрі маңыздысы - адам және оның ішкі әлемі, отбасылық ұрпақ тәрбиесі, ұлттық салт-дәстүрді жаңғырту. Өйткені, жаңа постиндустриалды өркениетте бірінші орынға адам факторы мен рухани сана қойылуы керек. Бұл дегеніміз бір сөзбен айтқанда - Абайға сүйену. Толық адам - рухану кемелденіп, жаңғырудың шыңы, өзінің рухани болмысын танып білуі. Өзін-өзі тану дегеніміз өзін өзі білу емес. Абайдың «Ақыл мен жан-мен өзім, тән меніңкі» дегенін біліп, біз өзімізді бірден жан ретінде тани алмаймыз. Өзін білу менен тану, екеуі мүлдем екі бөлек, аралары жер мен көктей тым алыс. Білу деп тек хабар, ақпарат десек, тану деп сол ақпарат пен хабарды бойға сіңіріп сезіну, түйсігіміз арқылы ұдайы бір қасиетке айналдыру. Өзінің өзіндік жан екенін тану дегеніміз- өзіндік жан екендігін барынша сезініп, рухани, кемел қасиет алып, жаңаша іс-әрекет ету деген сөз, яғни адамның толығымен өзеріске ұшырауы.

Толық адамның басты қасиеті - осы фәнидегі өмірге байланып қалмай, оның аяғымызды байлайтын ықпалынан өз жолымызды тауып шығуында. Ондай адамдар рух пен материяны барынша ажырата біледі, жанның тәннен бөлек екенін түсініп, жанның ықпалдасуымен өмір сүреді.

Толық адамның міндеті - Алла тағалаға сыйластық, сүйіспеншілікпен берілу арқылы өзін-өзі танып, рухани әлемге оралу. Абай сипаттаған өмірдің бұл түпкі мақсат, міндеті ойшылдың «Сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» делінген қағидасы бойынша орындалады. Осылайша рухани әлемде әрбір жанның Абсолютпен түрлі қарым-қатынасы орнығады. Бұлар - өте жиі кездесе бермейтін жоғары санаттағы рухани кемел адамдар. Оларды Абай сөзсіз «толық адам» деп атаған. Мұндай жоғары саты деңгейлеріне жеткен адамдар діни тұрғыдағы конфессиялардың ықпалынан шығып, толығымен рухани еркіндік, бостандық алғандар, немесе Абай айтқандай: «діннің хақ мағрифатына қол жеткізгендер».

Нәтижелер мен талқылау

Бір сөзбен айтқанда хәкім Абайдың армандап қол жеткізгісі келген толық адамы ғылыммен біліммен және дінмен сабақтаса дамып жетілген адам. Себебі, Діннің, ғылымның, білімнің даму барысындағы басты тұлға - ол тек адамның жалғыз өзі. Ешбір дүние адамның қатысуынсыз дамымақ түгілі қалыптаспайды да. Қоғамсыз адамды, адамды қоғамсыз елестету мүмкін емес. Осы тұрғыда қоғамның басты тірегі - ол адам.

Алайда, Абай үшін дүниенің басты құндылығы жәй адам емес, қайта керісінше кемеліне жеткен адам. Адамзат баласының өркениетінде рухани тұрғыда ізгілікті қасиеттерді - иман, білім, ғылым, өнер, тәрбие, тапқырлық, жомарттылық, адамгершілік, мейірбандылық құндылықтарды бойына сіңіріп жетілдірген адам - Абайды зерттеп, зерделеп, көрсеткен «толық адам» ілімі. Бірден бір қазақ халқының ұлттық санасын терең ұйқыдан оятып, рухани жаңғырту жолындағы қазақ халқының рухани жаршысы осы - «толық адам» ілімі болып табылады. Абайдың өнегесінің құны ғасыр алмасқан сайын артпаса, еш кемімейді. Ол барлығына түсінікті, жеңіл әрі барша адамзат баласына ортақ. Оның қара өлең болып өрілген, қара сөз болып төгілген әсем, көрнекті ойлары қазіргі таңға дейін өмірде бағыт бағдар көрсететін негіз болып келеді. Ұлтының, халқының келешегі үшін алаңдап, қам жеген ұлы ойшыл, барша жұртты мейірім-шапағат пен махаббатқа үндеді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің келешек ұрпағы үшін аса маңызды.

Қорытынды

Әрине, шынайы танып, түп тамырына терең бойлаған адамға Абайдың «толық адам» жайындағы зерделі ілімі ешқашан ескірмек емес. Қазіргі заманның талаптарына сай қайта зерттеліп, зерделенуі және де бүгінгі таңның ұрпақтарына жетімді түрде насихатталып, бірден-бір түсіндірілуі қажетті деп білеміз.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы бұл жайында «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында тұрақты әрі нақты міндеттер қойып: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз қажет. Бұл тұста зерттеуші ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы тиіс. «Толық адам» концепциясы, растап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару және білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының басты тұғырына бірден-бір айналуы керек деп есептеймін», деген болатын.

Қазіргі сәтте біз не себепті Абайдың «толық адам» іліміне ден қойып отырмыз? Қанша дегенмен үстем идеологиялы кеңістік кезең, тұйық оқшауланған қоғам болды. Қазіргі уақыттың ерекшелігі - бәрімізге мәлім жаһандану үдерісі өте қарқынды түрде жүріп жатыр. Бұл дүниенің жақсы жақтарымен қатарласа, өзге елден келіп жатқан көптеген бізге жат ағымның, теріс тұстағы идеологияның, салт-дәстүрімізді, наным-сенімдерімізді, бұзатын жағымсыз ықпалдардың саны көбейіп, күшейіп тұрғанын еш жасыра алмаймыз. Оларға қалайша төтеп беруге болады? Қалай өзіміздің ата-бабадан сақталып келе жатқан ұлттық менталитетімізді сақтаймыз? Әрине таға да Абайға жүгінуіміз керек.

Себебі осы ретте Абай ғана халықтың берік сенімі мен мықты, жігерлі рухы ғана өзін сақтап қалатынын толығымен түсінді. Ол үшін жас ұрпақты, халықты, ұлтты соған бағыттауы үшін ілім қажет деп ойлады. Абай шығыс философиясына зер сала отырып, оны өз тарапынан жаңаша толықтырып, тереңдете түсті. Алайда, Абайдың «толық адам» ілімін осы тұста ғана шектеп қоюға болмайды. Себебі Ақынның еңбектерінде, өлеңдерінде жырланған адамдақтың негізгі, маңызды мәселелерінің барлығы дерлік «толық адамға» қол жеткізудің жолы, алғышарттары болып келеді.

Сондықтан, хәкім Абайды білу, оқу, үйрену, оның ілім, тәрбиесін өзіңнің ішкі жан дүниенде қорыту, өмірде өзіндік ұстанымдарыңа айналдыру - ел болашағы болар жас ұрпақтың бірден - бір бастапқы парызы. Абай дұрыс жолдан тайдырмайды, ешқашан адастырмайды, Абай мына өмірге келгендегі мақсат міндеттеріңді дөп басып айтып, түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда Абай - ол біздің ұлтымыз бенен жұртымызды танып, білудің негізгі төте жолы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мырзаметұлы М. Абай және Шығыс. Алматы. Қазақстан, 1994

2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттары. Алматы. Ғылым, 1973
3. Әліпхан М. Адамгершілік ілімі және хәкім Абай. Алматы. Қазақ кітәбі. 2020
4. Егеубаев А. Кісілік кітабы. Алматы. Ғылым. 1998
5. Мырзахметұлы М.Әуезов және Абайтану пролемалары. Алматы. Ғылым. 1982

References liste:

1. Mirzametuli M. Abay zhane Shigis. Almaty. Kazakstan. 1994
2. Al-Farabi. Filosofiyaliq traktattari. Almaty. Gilym. 1973
3. Aliphan M. Adamgershilik ilimi zhane hakim Abay. Almaty. Kazak kitabi. 2020
4. Egeubaev A. Kisilik kitabi. Almaty. Gilym, 1998
5. Mirzahmetuli M. Auezov zhane Abaytanu prolemalari. Almaty. Gilym. 1982

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жәні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Бибулова Меруерт Абдисаттаровна** - филология магистр «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан. 8-702-141-22-66, bibulova79@bk.ru

ЗАҢТАНУ ЮРИСПРУДЕНЦИЯ JURISPRUDENCE

MPHTI: 10.77.51

<https://orcid.org/0000-0002-8841-9871>

<https://orcid.org/0000-0002-6088-0615>

<https://orcid.org/0000-0002-8056-9744>

Сарыкулов К.Р., Абуғаева С.Б.*, Жаксыбаева А.Е.
заң ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

БЛОГЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ БЛОГ ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ НЫСАНДАРЫ

***Автор-корреспондент:** asb8008@mail.ru

Түйін: Мақалада блог жүргізуде орын алатын қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдарды ұйымдастыру және күресудің құқықтық аспектілері, блогерлермен жасалатын құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. БАҚ саласының қызметі құқықтық реттелетін сала. Журналист-авторлар өзінің имиджін басшылыққа ала отырып, журналистік сұрау салып жібере алады. Егер жауап болмаса, журналист өзінің түсіндірмесін жазуға құқылы. Қарапайым азаматтарға мұндай кепілдік берілмейді. Репортерлік ақпаратты жариялау үшін алдын ала редакциялық алқамен тексеріледі. Ал, блогерлердің жазбалары, жарияланған ақпараттары репортерлік ақпараттардан ерекшеленеді. Олар эмоциялардың ықпалымен туындаған жарияланымдар әрқашан сенімді фактілерді қамтымайды. Ал, журналисттердің жарияланымдарын ақпараттың дұрыстығын, ақиқатын тексеріп, нақты дәлелдердің болуын тексеретін редакторлар бар. Оқырмандарды ресми басылымдар емес, белгілі бір адамның желілік күнделіктерін жүргізгенін бақылап, оқу қызықтырады. Оқырмандар үшін блогердің пікірі әрқашан мәлімдеме бола бермейді, бірақ ол қызықты және оқиғаларды түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Қазақстанда блогердің құқықтық мәртебесін тікелей реттеу жоқ, бірақ блогерлердің құқық субъектілері ретіндегі белгілі бір әрекеттерін бақылайтын бірқатар заңдар мен нормативтік актілер бар.

Кілт сөздер: блогер, блогинг, қылмыстылық, қарсы әрекет, ғаламтор, контент, жауапкершілік, БАҚ

FTAPX: 10.77.51

<https://orcid.org/0000-0002-8841-9871>

<https://orcid.org/0000-0002-6088-0615>

<https://orcid.org/0000-0002-8056-9744>

Сарыкулов К.Р., Абуғаева С.Б.*, Жаксыбаева А.Е.
к.юрид.н., доцент, ЮКУ имени М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, ЮКУ имени М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
старший преподаватель, ЮКУ имени М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ БЛОГЕРОВ И ФОРМЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ПРЕСТУПНОСТИ В ВЕДЕНИИ БЛОГА

***Автор-корреспондент:** asb8008@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются организационные и правовые аспекты блогинга в противодействии преступности, раскрывает проблемы правовой регламентации ответственности блогеров за нарушения законодательства. Правовое регулирование в области СМИ, кроме

обязанностей, предоставляет авторам конкретный выбор в праве соблюдения под завесам тайны финансируемый источник, руководствуясь своим имиджем; в отправке журналистского запроса, на который госорган не может не ответить. Если ответа нет, то журналист имеет право писать свое истолкование. А обычные граждане такой гарантией не поддерживаются. Репортерский препринт проверяется перед публикацией редакционной коллегией. Это одна из прописных истин. Посты блогеров отличаются по характеру информации. Они могут быть написаны на эмоциях и не всегда содержат достоверные факты. В отличие от инфлюенсеров, штатные журналисты имеют редактора, который может редижировать их работы и точно вычитывать достоверность информации. Именно это привлекает подписчиков к ведению сетевых дневников от конкретного человека, а не то, что представляют официальные издания. Мнение блогера не всегда является утверждением, но оно может быть интересным и полезным для понимания событий. Прямого регулирования правового статуса блогера в Казахстане не существует, но существует ряд законов и нормативных актов, контролирующих те или иные действия блогеров, как субъектов права.

Ключевые слова: блогер, блогинг, преступность, противодействие, интернет, контент, ответственность, СМИ.

IRSTI: 10.77.51

<https://orcid.org/0000-0002-8841-9871>

<https://orcid.org/0000-0002-6088-0615>

<https://orcid.org/0000-0002-8056-9744>

Sarykulov K.R., Abutaeva S.B.*, Zhaxybaeva A.E.

candidate of Legal Sciences, Associate Professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

senior lecturer, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

THE RESPONSIBILITY OF BLOGGERS AND FORMS OF COUNTERING CRIME IN BLOGGING

***Corresponding author:** asb8008@mail.ru

Abstract. The article examines the organizational and legal aspects of blogging in combating crime, reveals the problems of legal regulation of bloggers' liability for violations of the law. Legal regulation in the field of mass media, in addition to duties, provides authors with a specific choice in the right to observe a funded source under the veil of secrecy, guided by their image; in sending a journalistic request, to which the state agency cannot fail to respond. If there is no answer, then the journalist has the right to write his own interpretation. And ordinary citizens are not supported by such a guarantee. The reporter's preprint is checked before publication by the editorial board. This is one of the truisms. Bloggers' posts differ in the nature of the information. They can be written on emotions and do not always contain reliable facts. Unlike influencers, full-time journalists have an editor who can redo their work and pinpoint the accuracy of the information. This is what attracts subscribers to keep online diaries from a specific person, and not what the official publications represent. A blogger's opinion is not always a statement, but it can be interesting and useful for understanding events. There is no direct regulation of the legal status of a blogger in Kazakhstan, but there are a number of laws and regulations that control certain actions of bloggers as subjects of law.

Key words: blogger, blogging, crime, counteraction, internet, content, responsibility, media.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның өкілдері интернеттің белсенді пайдаланушылары және желідегі байланыс процесінің қатысушылары болып табылады: біреу тікелей веб-оқырман, ал біреу блогерлер-қоғамдық пікір көшбасшылары ретінде әрекет етеді. Аккаунт иелері өздерінің танымалдылығын арттыруға және оқырмандардың санын арттырып, қаралымды арттыруға тырысып, ең резонанстық тақырыптарды жариялау арқылы басқа атақты адамдарды басып озып, таң қалдыруда. Сонымен қатар, фотосуреттер мен

бейнежазбаларды осының бәрін түсіріп, орынсыз әрекеттер мен қылықтар жасайды. Блогерлер белгілі бір тақырыптар мен оқиғаларды талқылау үшін кең ауқымды оқырмандарды жинайды, бірақ басты мақсат – әлеуметтік медиа пайдаланушыларының жарияланымдарға көзқарастары мен реакцияларынан пайда табу үшін өз аккаунттарына тарту.

Бүгінгі таңда қылмыстылыққа қарсы іс - қимыл цифрлық ортада жүзеге асырылуы керек, өйткені ол қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Контент жасаушылар-бұқараға ақпарат тарату көзі, ал веб-сайт-бұл әрекетті жүзеге асыру құралы. Осыған байланысты, телекоммуникациялық желі қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде негізгі міндеттерді шешуге, құқық бұзушыларды анықтауға, сондай-ақ құқыққа қайшы іс-қимылдардың алдын алуға ықпал ете алады.

Зерттеу өзектілігі мен жаңашылдығы

Қылмыстылық деңгейі мемлекеттің тұрақты дамуындағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздіктің төмен деңгейі экономикалық белгісіздікті арттырады, ұзақ мерзімді инвестицияларға кедергі келтіреді және заңның үстемдігі қағидатын бұзады.

Зерттеу мақсаты

Қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдағы блогинг институтының негізгі құқықтық аспектілерін анықтау болып табылады.

Зерттеу міндеттері

